

«БЕКІТЕМІН» 
«Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп
атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» КММ-нің басшысы

А.Т.Бекбаева

«18»  2025ж.

1-11

**«Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп
атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
КММ-нің 2025-2026 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

МЕКТЕПТІҢ МИССИЯСЫ:

**САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНҒАН,
«БІЛІМДІ, ЗЕРЕК АДАМ» ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

МЕКТЕПТІҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ:

**«Сауатты, салауатты өмір салтын ұстанған,
Мәшһүр мұрасымен кемелденген жаһандық білім бәсекесіне
қабілетті тұлға қалыптастыру»**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:**

**Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету
арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту**

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|--|
| Мектептің ақпараттық анықтамасы | |
| 2024-2025 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының талдауы. 2025-2026 оқу жылына мақсаттар мен міндеттер | |
| I БӨЛІМ | |
| 2025-2026 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары | |
| 1.1. Нормативті құжаттармен жұмыс | |
| 1.2. Жалпыға міндетті оқытуды жүзеге асыру бойынша мектептің жұмысын ұйымдастыру | |
| 1.3. «ҚР Тіл туралы Заңың» іске асыру | |
| 1.4. Оқу-тәрбие процесінің қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету | |
| 1.5. "Оқу – тәрбие жұмысын ақпараттандыру" бағдарламасын орындау | |
| 1.6. Балалардың дарындылығын дамыту бойынша жұмыс | |
| 1.7. Инклюзивті білім беруді іске асыру | |
| 1.8. Үштілді білім беруді іске асыру | |
| 1.9. Мектептің бастауыш және орта сатыларын оқытудағы сабақтастықты ұйымдастыру бойынша жұмыс | |
| 1.10. Оқушыларды аралық және қорытынды аттестацияға дайындық жоспары | |
| 1.11. ББЖМ ға дайындық және оны өткізу | |
| 1.12. PISA, PIRLS, TIMSS оқушылардың білім жетістіктерін саралайтын халықаралық зерттеулер | |
| 1.13. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс | |
| 1.14. Мектеп кітапханасының жұмыс жоспары | |
| II БӨЛІМ | |
| 2025-2026 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік жұмысының жоспары | |
| 2.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы | |
| 2.2. Әдістемелік кеңес жұмысы | |
| 2.3. Пәндік апталықтар жоспары | |
| 2.4. Шығармашылық топтардың жұмысы | |
| 2.5. Инновациялық педагогикалық тәжірибе тарату бойынша жұмыс | |
| 2.6. Жас мамандармен жұмыс | |
| 2.7. Біліктілікті арттыру бойынша жоспар | |
| 2.8. Педагогикалық кадрларды аттестаттау жоспары | |
| 2.9. Мұғалімдердің іс-әрекетінің диагностикасы | |
| III БӨЛІМ | |
| 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары | |
| IV БӨЛІМ | |
| 2025-2026 оқу жылына арналған білім үдерісін басқару және бақылау жоспары | |
| 4.1. Мектепшілік бақылау | |
| 4.2. Басшы жанындағы отырыс | |
| ҚОСЫМШАЛАР | |

МЕКТЕПТІҢ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

«Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

| | |
|-----------------------------------|---|
| Мектеп басшысы | Бекбаева Айнур Тлегеновна |
| Мектеп негізі қаланған жыл | 1 қыркүйек 1982 жыл |
| Мектептің мекенжайы | Камзин көшесі, 62/1 құрылыс |
| Мектептің жобалық қуаты | 1050 орын |
| Жалпы көлемі | Ғимарат – 7320,2 , үш қабатты, типтік Жер телімі – 2,8353 га |
| Бос алаңдар | жоқ |
| Контингенті | 891 оқушы: 1-4 сыныптар – 370; 5-9 сыныптар - 395; 10-11 сыныптар -126. |
| Тіл бойынша сыныптар | қазақша – 891 |
| Ауысым | 1-ші ауысым - 24-сынып- жиынтық 2-ші ауысым - 13-сынып- жиынтық |
| Материалдық базасы | 1. Оқу кабинеттері – 36 оның ішінде 2. Лабораториялар -3 3.Компьютерлік кабинеттер – 2 4. Лингофон- мультимедиялық кабинет -1 5. Спорт залы - 281,6 кв.м. 6. Акт залы -120 орын 7. Асхана - 160 орын 8. Оқу залы бар кітапхана (67,4 кв.м.) 10 отыратын орын 9. Медициналық кабинет- 1 10. Емшара бөлмесі – 1 11.Психолог кабинеті - 1 12. Әдістемелік кабинеті - 1 13. ДООТЖ кабинеті – 3 14. Металл, ағаш өңдеу шеберханасы – 1 15. Еңбек қызметі кабинеті – 1 16. Робототехника кабинеті – 1 17. Шахмат кабинеті – 1 18. Бизнес кабинеті- 1 19.Домбыра кабинеті -1 20.Этнографиялық мұражай -1 21. Биология кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы - 2 /2011 ж, 2020ж. |

| | |
|---|---|
| | <p>22. Химия кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы - 3/2005 ж, 2008 ж., 2013 ж.</p> <p>23. Физика кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы - 3/2007 ж, 2013 ж, 20016 ж.</p> <p>Интербелсенді тақта – 17</p> <p>Интербелсенді панель –6</p> <p>Жалпы кітап қоры – 51 712 дана.</p> <p>Мемлекеттік тілде – 33 872 дана.</p> |
| Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы | <p>Мұғалімдердің жалпы саны-79</p> <p>Соның ішінде:</p> <p>Мұғалім-шебер- 0(үлесі-0%)</p> <p>Мұғалім-зерттеуші – 41 (үлесі – 51%)</p> <p>Мұғалім-сарапшы - 15(үлесі - 20%)</p> <p>Мұғалім-модератор – 11 (үлесі – 14%)</p> <p>Педагог - 4(5%)</p> <p>Санатсыз- 1 (үлесі – 1,2%)</p> <p>Жоғары 2 (үлесі – 2,5%)</p> |
| Оқушылардың тамақтануы туралы мағлұмат | <p>Ыстық тамақпен 724 оқушы қамтылған (79,7%)</p> <p>Тегін тамақпен 418 (46%), оның ішінде:</p> <p>- 358 (100%) оқушы 1- 4 сынып (бюджет);</p> <p>- 60 (100%) жетім балалар, АҚБ балалар, көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары (бюджет).</p> |
| Мектепті қаржыландыру | <p>2022- 836 865,0 тенге</p> <p>2023- 534 606,0 тенге</p> <p>2024 – 472 464,0 тенге</p> |
| Негізгі құралдарды сатып алу | <p>2022 жыл- Коворкинг (кітапхана жиһазы) -605 920 тенге.</p> <p>2023 жыл – асханаға арналған үстел 32 дана- 5 639 679,90 тенге;</p> <p>Асханаға арналған орындықтар 188 дана – 4 699 998,0 тенге;</p> <p>Қыздар технологиясы кабинетіне арналған орындықтар 12 дана-512 472 тенге.</p> <p>2024 жыл</p> <p>Компьютер кабинетіне жиһаз – 1 768,3 тенге;</p> <p>Киім ілетін бөлмеге жиһаз - 4 200,0 тенге</p> <p>Спорт залға арналған жиһаз – 739,2 тенге;</p> <p>Екі сыныпқа арналған жиһаз кешені - 3372,0 тенге</p> |
| Ағымдағы жөндеу жұмысы | 63 375,0 тенге |
| Күрделі жөндеу | 2022 жыл - жылу жүйесін күрделі жөндеу - 27 484 210,60 тенге; Футбол және спорт алаңдарын және қоршау орнату құрылыстарын күрделі жөндеу - 334 660 094,50 тенге. |
| Проблемалық мәселелер | Ғимараттың қасбеті мен терезені күрделі жөндеу; Ішкі бөлмелерді және ішкі инженерлық желілерін күрделі жөндеу (спорт зал, кітапхана, оқу кабинеттері, дәліздер т.б.); Аумақты абаттандыру, күрделі жөндеу; |

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН МАҚСАТ ПЕН
МІНДЕТТЕР**

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ

2024-2025 оқу жылында Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы білім беру мектебінің қызметі ҚР жалпы білім беретін мектептеріндегі білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарына, мектептің өткен оқу жылындағы жұмыс талдауының қорытындылары мен ұсыныстарына, сонымен қатар мектептің даму бағдарламасының «Сауатты, салауатты өмір салтын ұстанған, Мәшһүр мұрасымен кемелденген жаһандық білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру» проблемалық тақырыбына сәйкес «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту» әдістемелік тақырып іске асырылды.

Мақсаты іске асыру үшін бірқатар міндеттер орындалды:

1. *Заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, барлық пәндер бойынша сыныптардың барлық түрлері бойынша оқыту нәтижелілігінің оң динамикасын қамтамасыз ету.*

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: ішінара орындалды: мектеп бойынша 889 (100%) білім алушы аттестатталды, білім сапасы 66,84%; бастауыш сыныптар бойынша жоғары білім сапасы әдебиеттік оқу, орыс тілі, математика, ағылшын тілі, жаратылыстану, дүниетану пәндерінен (90-100%); үлгерімнің өсуін ЖМ бағыттағы (алгебра, геометрия, жаратылыстану, биология, бастауыш сыныптар бойынша жоғары білім сапасы пәндерінен (.,...%); үлгерімнің өсуін ЖМ бағыттағы (алгебра, геометрия, жаратылыстану, биология, дүниетану) және ҚГ бағыттағы (орыс тілі, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері) пәндері көрсетеді; информатика және қазақ әдебиеті пәндерінен сапа өзгеріссіз қалды; гимназия сыныптарында білім сапасы талаптарға сәйкес 70%;

анықталған мәселе: 2023-2024 оқу жылында білім сапасы 4%-ға артқанымен, жекеленген гимназия сыныптарында (7ә-54%, 9а-54%) сапа нормадан төмендігі анықталды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда барлық сыныптарда білім сапасы арта түсті, алайда үлгерімі 50% төмен сыныптар бар (8в-33%, 8ә-40%, 7б-43%); сапасының төмендеуі қазақ тілі, ағылшын, алгебра пәндері бойынша байқалды;

шешу жолдары: 1) Пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша жұмысты күшейту;

2) 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша елеулі теріс динамиканы көрсеткен (7б, 8ә, 8в сыныптар) сынып оқушыларын мектепшілік бақылау жоспарына сыныптық-жалпылама бақылауға алу; 3) білім сапасының жеткіліксіз деңгейдегі гимназиялық (7а, 7ә, 8а, 9а - 65%) сыныптарында «Lesson Study» тәсілін қолдана отырып сабақты зерттеуді жүргізу арқылы сапасын арттыру;

4) 2-11 сыныптарда оқыту сапасын мониторингтеу үшін МІБ жоспарына сәйкес бастапқы, аралық және қорытынды әкімшілік бақылау ҚМЖБ жоспарына сәйкес пәндер бойынша тақырыптық бақылау бөлімдерін жүргізу;

2. *Оқушылардың білімдеріндегі алшақтықтарды жою бойынша жұмысты жалғастыру; үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу әдістері мен формаларын жетілдіру*

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: негізінен қойылған міндеттер орындалды. Мектептегі педагогикалық ұжымының оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс жүйесі қалыптасқан. Үлгерімі төмен оқушылардың базасы құрылды. МІБ жоспарына сәйкес өткізілген әкімшілік бақылау жұмыстарының оң динамикасы қазақ тілі мен алгебра бойынша үлгерімнің артуын және қорытынды аттестаттаудың негізгі төрт пәні бойынша білім сапасының артуын көрсетті.

анықталған мәселе: білім сапасын арттыру әлеуеті жыл қорытындысы бойынша бір "3" бар оқушылардың резервінде жатыр. 2024-2025 жылдары мұндай оқушылардың саны өткен жылмен салыстырғанда 7 оқушыға кеміді: 2022 жылы-41, 2023 жылы-40 (5%).

шешу жолдары: 1) пән мұғалімдеріне: түзету жұмыстарына көбірек көңіл бөлу; сабақта сараланған тәсілді белсенді қолдану; оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту; тоқсанда бір үштікпен қорытылған оқушылармен жеке жұмыс жасау; оқу жылының қорытындыларын талдау, оқу-тәрбие іс-әрекетін интроспекциялау дағдыларын дамыту. 2) ӘБ жетекшілеріне: жылдық жоспарға оқушылардың білімдеріндегі әлсіз тұстарын жоюдың жолдарын, тиімді әдіс –тәсілдерді меңгерту бойынша шараларды енгізу;

3) мектеп әкімшілігіне: оқушылардың білімдеріндегі алшақтықтарды жою бойынша мектепшілік бақылауды күшейту;

3. Педагогтердің кәсіби өсуін қолдау. Озық тәжірибені тарату бойынша инновациялар өрісін кеңейту. Семинарлар, коучингтер арқылы әр қызметкердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Мұғалімдер еңбегінің нәтижелілігі негізінде педагогикалық еңбекті бағалау рейтингтік мониторингтік жүйесін жетілдіру.

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: ішінара орындалды. Оқу жылы көлемінде педагогикалық құзіреттілікті дамытуда мектеп әкімшілігі мұғалім қызметінің кәсіби біліктілігіне байланысты әдістемелік, нәтижелік және жетілдіру біліктіліктерін жүйелілеуді басшылыққа алды. Әдістемелік іс-шараларға қатысымшылдығын басты назарда ұстау нәтижесінде ұжым мүшелерінің белсенділіктері арта түсті. Мектеп мұғалімдері қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі вебинарларда, семинарларда, конференцияларда, кәсіби конкурстарда өз тәжірибелерін ұсынды: қала деңгейінде мектеп педагогтарының қатысуымен 17 семинар, облыс деңгейінде-14, республикалық деңгейде-3 педагог жұмыс тәжірибесін ұсынды.

анықталған мәселе: мұғалімдердің кәсіби конкурстарға қатысу сапасының төмендігі; мұғалімдердің тәжірибе бөлісуде белсенділіктің төмендігі; жыл көлеміндегі әкімшіліктің сабаққа қатысу талдауының қорытындысынан сабақ өткізу барысында мұғалімдердің педагогикалық технологияларды, заманауи әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданудың жоқтығы көрінді; мұғалімдердің өзідігінен білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмысы формальды болып табылады: аяқталмайды, практикалық мәселелерді шешуге бағытталмайды.

шешу жолдары: шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді ынталандыру жүйесін жетілдіру; ӘБ арасында рейтинг жүйесін жетілдіру; мұғалімдердің шығармашылық кезеңдер жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары (авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу

4. Білім берудің барлық сатыларында оқушыларды олимпиадалар мен конкурстарға дайындық жүйесін күшейту арқылы дарынды және жоғары ынталы оқушылармен жұмысты жетілдіруді жалғастыру.

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: ішінара орындалды. 2024-2025 оқу жылында педагогикалық ұжым мектептің даму бағдарламасының "Жарқын болашақ" (дарынды балалармен жұмыс) бағытындағы іс-шараларды іске асыру бойынша жұмысын жалғастырды. "Дарын" орталығы өткізетін қалалық шығармашылық конкурстарға қатысудың жоғары нәтижелілігі байқалды. Сонымен қатар, оқушылардың қашықтықтан өтетін конкурстар мен олимпиадаларға белсенді қатысуы айқындалды.

анықталған мәселе: 1. Жеке пәндер бойынша дарынды балалармен ғылыми-зерттеу жұмыстары жеткіліксіз 2. Өртүрлі себептермен жоғары бәсекелестікке байланысты балалардың барлығы бірдей қатыса алмады. 3. Олимпиадаға қатысушыларды іріктеу кезінде сабақтастықтың болмауы, оқушыларды іріктеу кезінде мұғалімдер арасындағы сәйкессіздік, оқушыларды олимпиадаға дайындау кезінде жүйенің болмауы

шешу жолдары: 1) олимпиадалық қозғалыс мектебінің жұмысын күшейту / мектептің әдістемелік қызметі, мектептің психологиялық қызметі, пән мұғалімдері/оқушылармен олимпиадаларға дайындық бойынша сабақтарды ұйымдастыру мониторингін жүргізу және зияткерлік жарыстарға қатысудың нәтижелілігін талдау, оқушыларды өртүрлі көлемдегі ғылыми-практикалық конференцияларға дайындаудың перспективалық жоспарын жасау; 2) жоғары оқу орындарының ғалымдармен ғылыми көмек көрсету жағынан байланыс орнату; 3) әр пән бойынша конкурстар мен оқуларды дайындау және өткізу бойынша ЖОО мамандарымен ұйымдастырылатын әдістемелік семинарларға жетекші мұғалімдердің қатысуын қамтамасыз ету. 4) дарынды балалармен жұмыстың тиімді жолдарын көрсету мақсатында мектепшілік шеберлік сағаттарын, семинарлар ұйымдастыру; 5) оқу жылы ішінде жобаларды алдын ала қорғауды жүргізу (сәуір), жобамен жұмыс жасау жөніндегі проблемаларды алқалы түрде шешу.

5. Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігін әзірлеуді және енгізуді жалғастыру: мета-пәндік, интеграцияланған бағыттағы курстар желісін кеңейту;

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: ішінара орындалды: ОЖЖ-нің вариативті бөлігі жүйесі арқылы қосымша білім беру жүйесі жетілдірілуде: оқушыларға метапәндік, интеграцияланған бағыттағы курстарды оқып-үйренуге, шығармашылық сипаттағы үйірмелерге қатысуға, ЖМБ және ҚГБ пәндері бойынша білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік берілді; 10-11 сынып оқушыларын бейіндік оқыту түлектерді кәсіби қызметке дайындауға бағытталған. Гимназиялық компонент тарапынан дәстүрге айналған «Мәшһүртану», «Абайтану» курстарын оқыту жалғастырылды;

анықталған мәселе: ОЖЖ-ның вариативті бөлігіндегі курстардың оқыту жағдайын зерделеу барысында үйірмелер жұмысы тиімділігінің төмендігі, аталған курстар бойынша әдістемелік құралдар, авторлық бағдарламалардың жоқтығы, оқушылардың бойында «Soft skills» дағдыларын қалыптастыру бойынша курстардың аздығы (шешендік шеберлік, эмоционалды интеллект, шығармашылық ойлау т.б.) байқалды;

шешу жолдары: 1) оқу-тәрбие жұмысын жобалау кезінде 5-9 сыныптардың ОЖЖ-ның вариативтік бөлігіне метапәндік, қолданбалы бағыттағы курстарды, "икемді дағдыларды" қалыптастыру бойынша курстарды енгізу; 2) педагогикалық кеңесте вариативті бөлімнің курстық бағдарламаларын қарастырған кезде күтілетін нәтижеге ерекше назар аудару, (ол нақты, өлшенетін, тәжірибеге бағытталған болуы керек); 3) курстар бойынша арнайы авторлық бағдарламалар, әдістемелік кешендер әзірлеу;

6. Таңдау курстарында, сыныптан тыс іс-шараларда ағылшын тілін қолдану арқылы үштілділік бойынша экспериментті енгізуді жалғастыру

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: толығымен орындалды: физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту жүргізілді; үш тілді білім енгізілген барлық сыныптарда ағылшын тілі бойынша білімнің жоғары сапасы (76% - 100%) байқалды, үштілділік сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кезінде қолданылды;

анықталған мәселе: сыныптағы оқушылар санының көп болуы (биология, химия, физика енгізілген сыныптарда), бұл тілдік дағдыларды дұрыс қалыптасуына мүмкіндік бермейді; педагогтер оқушылардың жобалық қызметінде үштілділікті пайдаланбайды, үштілділікті енгізу бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесімен бөліспейді;

шешу жолдары: 1) ағылшын тілінде оқыту бойынша пропедевтикалық жұмысты жалғастыру (оқушыларды тіл пәндері бойынша сапалы даярлау, үйірмелер желісін, тіл пәндері бойынша арнайы курстарды кеңейту, үш тілде іс-шаралар өткізу);

2) бағдарламалық қамтамасыз етуді құру, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша басқа мектептермен ынтымақтастықты құру; 3) үштілділікті енгізу бойынша шығармашылық топтың жұмысында мұғалімдердің мектеп, қала деңгейіндегі жұмыс тәжірибесін ұсыну мәселелерін жоспарлау.

7. Мектепте оқушылардың этномәдени бағытта тәрбиелену үшін психологиялық-педагогикалық жағдай орнату

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: 2024-2025 оқу жылында оқушылардың бойында мемлекеттік идеология негізінде салауатты өмір салтын, рухани-адамгершілік құндылықтарды, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын, өзінің, қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру жұмыстары жетіле түсті.

анықталған мәселе: Мектепте оқушылар арасында этномәдени бағытта тәрбиелену үшін педагогикалық – психологиялық жағдай орнатуды насихаттау бойынша дәстүрлі іс-шаралар жүйесі әзірленді, сынып жетекшілері сынып сағаттарын, мектепшілік іс-шараларды өткізудің белсенді әдістері мен формалары қолданылды, дегенмен, өз ішінде проблемалар анықталған: отбасында ұлттық тәрбие жүйесінің әлсіздігі; көбінесе ата-аналар балаларын материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп, ақша табуды өздерінің басты парызы деп санайды; сонымен қатар, оқушылардың адамгершілік-рухани қасиеттерінің жеткіліксіз қалыптасуы; кейбір жағдайларда жасөспірімдер арасында өшпенділік, бір-біріне төзбеушілік, қоғамдық орындарда өзін ұстай алмау, мүлікке, мектеп мүлкіне қамқорлық жасай алмау үрей туғызады.

шешу жолдары:

1. Отбасымен ынтымақтастық, жанұямен өзара әрекеттесу жүйесін дамыту: мектеп жанынан «Әжелер кеңесі», «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесі» ұйымдарының жұмысын жалғастыру;
2. Тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін жетілдіру;
3. Сынып жетекшілердің функционалдық қызметіне оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру жолында этномәдени бағыты бойынша тәрбиелеуді енгізу.

8. *Балалардың қоғамдық қозғалыстары мен оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту арқылы, сондай-ақ "Зияткерлік Клубы", "Мектеп Парламенті", «Жомарт» еріктілер қозғалысы жобаларын іске асыру арқылы оқушылардың әлеуметтік бастамасын, шығармашылығын, дербестігін қолдау жөніндегі жұмысты жалғастыру.*

міндеттің орындалуы, нәтижелігі: Балалардың қоғамдық қозғалыстары мен өзін-өзі басқару органдарын дамыту арқылы, сондай-ақ «Зияткер» дебат клубы, «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы, «Мектеп парламенті», «Ашық жүрек» еріктілер ұйымының жобаларын іске асыру арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтік бастамасын, шығармашылығын, дербестігін қолдау бойынша жұмысты жалғастырылды.

анықталған мәселе: өзін-өзі басқару жұмысына барлық оқушылардың жеткіліксіз тартылуы; мектеп парламентінің қызметі үшін ақпараттық кеңістіктің болмауы, пікірталас қозғалысына қатысқан оқушылардың төмен үлесі; оқушылардың еріктілер қозғалысына қатысуының төмен пайызы; еңбек тәрбиесінің тек теория түрінде жүргізілуі

шешу жолдары:

- 1) Өзін-өзі басқару орталықтарының құрамына әр сыныптан балалар ұйымының өкілдерін енгізу;
- 2) Мектеп парламентінің ақпараттық кеңістігі ретінде мектеп медиа орталығының жұмысын ұйымдастыру;
- 3) Мерекелік іс-шаралар мен пәндік онкүндіктер аясында пікірсайыс турнирлерін өткізу арқылы пікірсайыс қозғалысының қызметін жандандыру;
- 4) Бастауыш сынып оқушыларын, мұғалімдерді және ата-аналар қауымдастығын еріктілер қозғалысына тарту.

ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

Білім беру ортасының шарттарын талдау

Оқушылардың сабақ режимі:

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 1-11 сыныптар - бес күндік оқыту жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы - 45 минут. Сабақтың басталуы 1-ауысымда сағат 8.00-де 2-ауысымда сағат 14.00-де. Жалпы - 37 сынып - жиынтық, барлығы мемлекеттік тілде. 24-сынып- жиынтық 1-ші ауысымдағы, 13-сынып- жиынтық - 2-ші ауысымда оқиды, сыныптардағы толықтығы – 24,5. Оқытудың бастапқы сатысы 1-4 сынып - 370 білім алушы (15 сынып-жиынтық), негізгі сатысы 5-9 сыныптар – 395 оқушы (16 сынып-жиынтық), жоғары сатысы 10-11 сыныптар – 126 (6 сынып-жиынтық).

Үш жыл бойынша сынып жиынтық саны

| Оқу жылы | Бастауыш мектеп | Негізгі орта | Жалпы орта |
|-------------------|-----------------|-----------------|----------------|
| 2022-2023 | 1-сынып – 3 | 5-сынып – 3 | 10-сынып – 2 |
| | 2-сынып – 4 | 6-сынып – 3 | 11-сынып - 2 |
| | 3-сынып – 3 | 7-сынып – 4 | |
| | 4-сынып – 4 | 8-сынып – 4 | |
| | | 9-сынып – 3 | |
| Жалпы - 35 | 14 сынып | 17 сынып | 4 сынып |
| 2023-2024 | 1-сынып – 5 | 5-сынып – 3 | 10-сынып – 3 |
| | 2-сынып – 3 | 6-сынып – 3 | 11-сынып - 2 |
| | 3-сынып – 4 | 7-сынып – 3 | |
| | 4-сынып – 3 | 8-сынып – 4 | |
| | | 9-сынып – 4 | |
| Жалпы - 37 | 15 сынып | 17 сынып | 5 сынып |
| 2024-2025 | 1-сынып – 3 | 5-сынып – 3 | 10-сынып – 3 |
| | 2-сынып – 5 | 6-сынып – 3 | 11-сынып - 3 |
| | 3-сынып – 3 | 7-сынып – 3 | |
| | 4-сынып – 4 | 8-сынып – 3 | |
| | | 9-сынып – 4 | |
| Жалпы - 37 | 15 сынып | 16 сынып | 6 сынып |

Салыстырмалы кестеден өткен жылмен салыстырғанда бала санының және сынып кешені санының артуы байқалды.

Үш жылдағы оқушылар санының салыстырмалы кестесі

| Білім беру сатылары | 2022-2023 (жылдың басы) | 2023-2024 (жылдың басы) | 2024-2025 (жылдың басы) |
|---------------------|-------------------------------|-------------------------------|-------------------------------|
|---------------------|-------------------------------|-------------------------------|-------------------------------|

| | | | |
|-------------------------------|-----|-----|-----|
| Оқушылардың жалпы саны | 882 | 907 | 891 |
| 1-4 сыныптар | 342 | 358 | 370 |
| 5-9 сыныптар | 444 | 436 | 395 |
| 10-11 сыныптар | 96 | 113 | 126 |

Кестеден соңғы үш жылда оқушылардың саны тұрақсыз. Өткен оқу жылымен салыстырғанда бала саны биыл 16 оқушыға кем болды. Орта буында контингенттің азаюы байқалады. Соңғы оқу жылында 35 оқушы кетті, соның ішінде қала мектептеріне – 18, қаладан тыс – 17. Келгені - 27: қала мектептерінен - 13, басқа қалалардан - 13 бала ауысты. Кеткен оқушы саны жылына 4% құрады.

Қорытынды: оқушылар контингентінің кері динамикасының себептері: мөлтекаудандағы орналасқан мектептерде қазақ тілінде оқытылатын сыныптардың ашылуы; жыл сайынғы үздік оқушылардың облыстық мамандырылған мектептерге ауысуы; басқа өңірлерге көшу, қаладағы мектептерге ауысуы тек тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты болды.

Анықталған мәселе: жыл сайын оқушылар саны тұрақсыз болып келеді. Соңғы үш жылда білім алушылардың саны 9-ға артты. Дегенмен, орта буында контингенттің азаюы бірнеше жыл қатарынан азайуда..

Шешу жолдары: 1) мектеп оқушылар мен ата-аналардың әр түрлі санаттарының сұраныстарына назар аударуы керек;

2) білім берудің өзгермелі мазмұнын жетілдіру, білім беру жүйесі арқылы оқушыларға зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау;

3) мектепті шағын ауданның зияткерлік, шығармашылық және спорттық орталығына айналдыру

4) педагогтердің кәсіби сайыстарға қатысуы, оқушылардың түрлі зияткерлік, шығармашылық сайыстарғы қатысытруы арқылы мектептің оң имиджін қалыптастыру.

Оқушыларды қабылдау тәртібі:

Мектеп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес даярлық деңгейіне қарамастан алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды eGov. kz. электрондық үкімет порталы арқылы қамтамасыз етеді. Қабылдау қажетті құжаттарды қоса бере отырып, оқушылардың ата-аналарының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші негізінде басшының бұйрығымен ресімделеді.

Базалық және қосымша білім беру деңгейін талдау.

Мектептің білім беру бағдарламасы және оқу жоспары білім берудің мемлекеттік стандартының орындалуын көздейді. Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары базистік оқу жоспары негізінде құрастырылды. СанПин талаптарына сәйкес 1-11 сыныптарда бес күндік аптаға есептелген. Сабақтар екі ауысымда өткізілді.

Денсаулығына байланысты үйде 1 оқушы тұрақты, 2 оқушы уақытша оқытылды, барлығы сыныптарына сәйкес курсты өтіп, үйде оқытудың бағдарламасы

мен оқу жоспары орындалды. 5-ші сыныпта ерекше білімді қажет ететін 1 оқушы оқытылды.

Оқу жұмыс жоспары

Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары 2024 жылғы 28 тамызда №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде құрастырылған:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы;
- 1-11 сыныптардың оқу жұмыс жоспары «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БЖҒМ 2023ж 12 тамыздағы № 365 бұйрығы, 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, ҚР ОАМ 2023ж 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен;
- ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы;
- ҚР БҒМ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 09 маусымдағы № 282 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы" ҚР ОАМ 2023 жылғы 04 қазандағы № 304 бұйрығы;
- ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;
- «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

Мектеп оқушыларды бейіндік даярлау бойынша міндеттерді шешеді: 2-ші сыныптан бастап саралау жүзеге асырылады (параллельдегі бір, екі сынып-гимназиялық); 7-9 гимназия сыныптарында болашақ мамандыққа бағдарланған бейіндік пәндер енгізілді, 10-11 сыныптардағы білім алушылар жаратылыстану - математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттар бойынша оқытылды, ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде - 129 оқушы (оқушылардың жалпы санының 15%).

Әдістемелік нұсқау хатындағы берілген ұсыныстарды іске асыру мақсатында және оқушылардың жеке қабілеттері мен танымдық әрекеттерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатымен оқу жұмыс жоспары төмендегідей құрастырылды.

Негізгі орта білім

Жұмыстық оқу жоспарының тұрақты бөлігінде міндетті түрде оқытылатын пәндер жинақталса, вариативтік оқу бөлігіне жеке тұлғаның өз талап-тілегіне сай білім алу сұранысымен қабілетіне орай қосымша оқу курстарын енгізумен бейімдік

пәндерді кеңейте оқуға, дара, бағытты – бағдарлай оқытуға жұмсалатын пәндер, арнайы курстар жинақталған.

«2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы берілген ұсыныстарды іске асыру мақсатында және оқушылардың жеке қабілеттері мен танымдық әрекеттерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатымен оқу жоспарының вариативтік компоненті келесі түрде бөлінді:

Негізгі орта білім буының білім алушылары ғылымдардың базистік негіздерін игеруін, тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейін алды даярлықты іске асыруды қамтамасыз етеді. 5-9 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығын басшылыққа алды, 5-9 сыныптар үшін 6-қосымша, гимназия сыныптары ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 16-қосымшасына сәйкес.

Барлық 5-8 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

Гимназия сыныптары

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі негізінде 2 Ә,В, 3 Ә, 4Б, 5Ә,Б, 6Ә, 7А, 8А,Ә, 9А, 10А, 11 А гимназия сыныптарының жұмысы жалғастырылды. Аталған сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті төмендегідей үлестірілді:

5Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру», ««Contral and motion through the constructor» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

6А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Қызықты математика», «English around us», «Мен және мені қоршаған әлем» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

7А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі», «The law of Physics» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «биология», «география», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат.

7Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Абайтану», «Secret of biological terms», «Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі», «Көркем мәтінді талдау» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия»,

«Қазақстан тарихы», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат.

8А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Эссе жазу стратегиясы», «Basic chemical meaning and decision of computing», «Mobile Application» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат.

9А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Тіл мәдениеті», «Абайтану», «Physics in English», «Көркем мәтінді талдау» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. «Элективті курс» есебінен «Оқу сауаттылығына байланысты мәтін талдау» курсына 1 сағат берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 40 сағат.

Жалпы орта білім

Жалпы орта білім буында ата-аналар мен оқушылардың өтініші негізінде бейіндік оқытуды іске асыру мақсатында жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттары таңдалды. 10-11 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 басшылыққа алды, жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б, 10В, 11Б сыныптары ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 39-қосымша, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11А сыныбы ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 38-қосымшасына, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10А гимназия сыныбы ҚР ОАМ 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықтың 19-қосымшасына сәйкес. 10-11 сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары білім алушылардың сұранысы бойынша төмендегідей үлестірілді:

Барлық 10-11 сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі», 1 сағаты «Сөз мәдениеті мен шешендік өнер» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10В сыныбында: элективті курстардың 2 сағаты «Авто ісі» мен «Генетикалық есептерді шығару» курстарын оқуға берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11Б сыныбында: элективті курстардың 2 сағаты «Авто ісі» мен «Python тілінде бағдарламалау» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Гимназиялық сынып

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 10А гимназия сыныбында: білім алушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «география» пәндеріне әрқайсысына 2

сағаттан, стандарттық деңгейден «физика» мен «биология» пәндеріне 2 сағаттан бөлінді.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті келесідегідей бөлінді. «Инвариантты компоненттегі пәндерді таңдау» есебінен оқушылар «геометрия», «құқықтану негіздері», «қазақ тілі», «химия» пәндерін таңдап алды. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат.

Гимназия компонентінің 4 сағаты «Көркем мәтінді талдау», «Эссе жазу стратегиясы», «Әлем әдебиеті», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат.

Қорытынды: Жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту және бейіндік сыныптар (физика-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар) тұрақты болып қала береді.

Пәндер бойынша оқу жоспары мен бағдарламалар мемлекеттік стандарт талаптарын, озық педагогикалық тәжірибені ескереді; жоспардың вариативтік компоненті негізделген, оқу сабақтарының тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттайды; балаларға қызығушылықтары бойынша сабақтарды таңдауға мүмкіндік беріледі. Оқу жоспары ата-аналардың сұраныстарын ескереді және балалардың коммуникативті, жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы

Кез келген педагогикалық ұжымның негізгі міндеті білім беру сапасын арттыру болып табылады. Оқушылардың білім беру стандарттарының мазмұнын ойдағыдай меңгеруі-білім берудің жоғары деңгейіне жету кезеңдерінің бірі. Оқушылардың білім беру стандарттарын меңгеруін бағалау, білім сапасының деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады: әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде сыныптар, пәндер, мұғалімдер бойынша оқыту деңгейін тоқсан/жыл бойынша салыстыру. Салыстырмалы талдауды жүзеге асыру үшін мыналар қолданылады:

- әртүрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылау кезінде алынған ақпарат;
- негізгі орта және жалпы орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттау нәтижелері;
- электрондық сынып журналдарын тексеру кезінде алынған мәліметтер.

Мектепте мониторинг жүзеге асырылады, оның негізгі кезеңдерінің бірі оқу-тәрбие процесінде педагогикалық ұжымның жұмысындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында білім беру мен оқыту сапасын бақылау және талдау, пәндер мен сыныптар бойынша аралық және қорытынды аттестаттау деңгейін талдау болып табылады.

Жыл бойы пәндер бойынша білім мен біліктілікті қалыптасу деңгейіне мониторинг жүргізіледі. Жыл басында кіру бақылауы өтеді, оның мақсаты – оқушылардың білімінің тұрақтылық дәрежесін анықтау, жазғы кезеңдегі жоғалту себептерін анықтау, олқылықтарды жою шараларын күшейту.

Тоқсанның соңында ТЖБ және БЖБ жүргізіледі, мақсаты оқушылардың оқу динамикасын қадағалау, мұғалімдер мен оқушылардың үлгерімсіздігінің алдын алу үшін олардың қызметін түзету болып табылады.

Жыл соңында қорытынды бақылау өтеді, ол оқушылардың келесі сыныпқа көшуі кезінде білім мен біліктілігін қалыптасу деңгейін анықтайды, олардың оқу

динамикасын бақылайды, одан әрі оқытудың нәтижелілігін болжайды, кемшіліктерді анықтайды, МІБ келесі оқу жылына жоспарлайды.


Бақылау нәтижелері бойынша мұғалімдердің ӘБ отырыстары өткізіледі, онда пән мұғалімдері жұмыстарға талдау жүргізеді және белгілі бір пәндерді оқыту кезінде оқушылар мен мұғалімдердің қиындықтарын жіктейді.

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс нәтижелері білім алушылар мен түлектердің білім сапасымен, табыстылық дәрежесімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалық көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету міндеті тұр.


2023-2024 оқу жылында білім беру бағдарламаларын, қорытынды аттестаттауды ескере отырып, оқушылардың 100%-ы толық көлемде игерді. Жыл қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы – 67% құрады. Үлгере алмайтын білім алушылар анықталған жоқ.

3 жыл бойынша білім сапасының салыстырмалы диаграммасы

1. Жалпы мектеп бойынша бойынша



2. Сынып параллельдері



Үш жылдық талдаудан білім сапасының ең төмен көрсеткіші 2021-2022 оқу жылында болғанын көрсетті. Білім сапасын талдай отырып, кейбір тенденцияларды анықтауға болады. Бастауыш мектеп бірнеше жыл бойы мектеп бойынша ең жоғары білім сапасын көрсетіп келеді. Осы оқу жылындағы білім сапасының орташа көрсеткіші 67% құрады. 3 жыл көлемінде білім сапасының оң динамикасын байқауға болады: бастауыш сыныптарда +6%, 5-9 сыныптарда +2%, 10-11 сыныптарда +9% -ға артты.

2-11 сыныптардағы үздік оқушылардың саны 2022-2023 оқу жылында 4%-ға артса, биылғы оқу жылында 1%-ға түсуі байқалды. Жыл қорытындысы бойынша үздік білім алушылар үлесі 16% құрады (2022 жылы-17%).

| Сыныптар | 2022-2023 о.ж. | | 2023-2024 о.ж. | | 2024-2025 о.ж. | |
|----------|----------------|---------|----------------|---------|----------------|---------|
| | үздік | екпінді | үздік | екпінді | үздік | екпінді |
| 2-4 | 82 | 117 | 65 | 129 | 85 | 144 |
| 5-9 | 40 | 195 | 46 | 201 | 52 | 203 |
| 10-11 | 10 | 55 | 16 | 65 | 19 | 74 |
| Жалпы | 132 | 367 | 127 | 395 | 156 | 421 |

2022-2023/ 2023-2024 о.ж. үздік оқушылар үлесінің теріс динамикасы-оқушыларды неғұрлым объективті бағалаудың, оқушыларды жиынтық бағалау


кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтаудың нәтижесі болып келеді. Сонымен қатар, 2020 жылғы пандемия саласынан оқушылардың білімдеріндегі пайда болған олқылықтар да 2022 жылғы сапаның төмен көрсеткіштердің негізгі себептерінің бірі болды. 2024 - 2025 о. ж. бойынша үздік мен екпінді оқушылар санның оң динамикасы 10 және 11 сынып оқушыларының жоғары дайындығына байланысты

Бастауыш мектепте (2-4 сыныптар) - 65 (27%) үздік оқушы, 129 (54%) жақсы оқитындары. Бастауыш мектеп бойынша білім сапасы 81 (+1%), үлгерімі - 100% құрады.

Негізгі мектепте үздігі - 46 (11%), екпінділері - 201 (47%). Негізгі мектеп бойынша білім сапасы 58% (+5%), үлгерімі – 100%.

Жалпы орта мектепте 16 оқушы (14%) үздік, жақсы оқитындары 65 (57%). 10-11 сыныптар бойынша білім сапасы 71% (+5%) құрады. Жоғары мектеп оқушыларының үлгерімі 100%.

Білім сапасы жоғары сыныптар: 2ә,3б (96%), 3а (88%), 4а (87%), 2а, 3ә, 4ә (83%), 11б (82%), 4б (80%). Төмен сапа көрсеткен сыныптар: 8в (33%), 8ә (40%), 7б (43%)



Білімнің ең айқын теріс динамикасы 7 және 8-ші параллельдерде көрінеді

Білім сапасының төмендеу себептері:

* педагогтер оқу процесін ұйымдастыру кезінде 7-8 сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескермейді (оқу мотивациясының төмендеуі, басымдықтардың ауысуы).

Жалпы, мектеп бойынша білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда артты, жеткілікті деңгейде. Алайда, негізгі буындағы білім сапасының төмендігі сақталады

Оқу жоспары инвариантты бөлігінің негізгі пәндері бойынша үлгерім мониторингі

| Пәндер | 2022-2023 о.ж. | 2023-2024 о.ж. | 2024-2025 о.ж. | Динамика |
|--------|-------------------|-------------------|-------------------|----------|
| | | | | |

| | | | | |
|-----------------------------|----|----|----|----|
| Қазақ тілі | 73 | 76 | 77 | +1 |
| Қазақ әдебиеті | 75 | 78 | 78 | 0 |
| Орыс тілі мен орыс әдебиеті | 91 | 91 | 90 | -1 |
| Ағылшын тілі | 86 | 87 | 86 | -1 |
| Математика | 71 | 81 | 81 | 0 |
| Алгебра | 64 | 64 | 68 | +4 |
| Геометрия | 66 | 65 | 67 | +2 |
| Информатика | 88 | 90 | 90 | 0 |
| Естествознание | 86 | 85 | 85 | 0 |
| География | 91 | 82 | 81 | -1 |
| Биология | 71 | 82 | 83 | +1 |
| Физика | 70 | 80 | 79 | -1 |
| Химия | 71 | 72 | 73 | +1 |
| Дүниетану | 91 | 87 | 88 | +1 |
| Қазақстан тарихы | 86 | 88 | 89 | +1 |
| Дүниежүзі тарихы | 93 | 94 | 94 | 0 |
| Құқықтану негіздері | 99 | 98 | 98 | 0 |

Бұл кесте, жалпы алғанда, оқу үлгерімі тұрақты екенін көрсетті. Өткен жылмен салыстырғанда білім сапасы көптеген пәндер бойынша оң динамикада. Үлгерімнің өсуін жаратылыстану-математикалық цикл (математика, информатика, биология, физика, химия) және қоғамдық-гуманитарлық цикл (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, ағылшын тілі) пәндері көрсетеді. Үлгерім сапасының төмендеуі геометрия, география, дүниетану, жаратылыстану пәндері бойынша байқалды. Орыс тілі мен алгебра пәндерінен сапа өзгеріссіз, бір қалыпта калуда.

2024-2025 оқу жылындағы білім сапасын талдай отырып, жекеленген мұғалімдердің білім беру сапасы да зерделенді. Білім беру сапасының төмен пайызы байқалады: алгебра, геометрия пәнінен Б.С.Амрешова (37%-8в), қазақ тілінен Ш.Т.Султанаева (48%-8в), географиядан З.К.Жумажанова (44%-8в), дүниежүзі тарихынан Р.Зауат (44%-8в), алгебрадан Б.С.Амрешова (44%-8ә), алгебрадан Б.С.Амрешова (48%-7б), Аталған мұғалімдерге сабақтың формаларын әртараптандыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын арттыру қажет.

Оқу үлгерімі мен сапасына әсер ететін себептер: Бұл осы жастағы физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен, кіші буыннан негізгі буынға ауысу кезінде, білім деңгейі төмен оқушылардың мотивациясының әлсіздігімен түсіндіріледі. Сондай-ақ сыныпты басқаруда және оқыту сапасында проблемалардың болуы (пән мұғалімдерінің ауысуы, мұғалімдердің инновациялық технологияларды қолдануға дайындығы еместігі), мотивациясы төмен оқушылармен пән мұғалімінің жеке жұмысы және мотивациясы жоғары балалармен сараланған жұмысы жоқ. Пән мұғалімдері жыл сайынғы жасалатын психологиялық диагностиканың нәтижесін әрдайым қолдана бермейді. Көбінесе сыныптағы жұмыс «орташа» оқушыға бағытталған, бірақ даму деңгейі жоғары және төмен оқушыларға назар аз аударылатындықтан, өздерін көрсету мүмкіндігінен айырылады;

2024-2025 оқу жылының аралық бақылау қорытындылары

Жылына үш рет 11-сыныпта қазақ, орыс тілдері, алгебра және Қазақстан тарихы бойынша бақылау бөлімдері жоспарланды. Аралық бақылау жүргізудің мақсаты білім беру стандартын меңгеру деңгейін тексеру болып табылады.

Аралық бақылаудың нәтижелілігі

| Пән | «0» - үзік | | Аралық бақылау | | Қорытынды бақылау | |
|---------------------------------|------------|--------------|----------------|--------------|-------------------|--------------|
| | үлгерім | білім сапасы | үлгерім | білім сапасы | үлгерім | білім сапасы |
| Қазақ тілі | 98 | 62 | 100 | 72 | 100 | 79 |
| Орыс тілі | 100 | 77 | 100 | 83 | 100 | 83 |
| Қазақстан тарихы | 100 | 83 | 100 | 85 | 100 | 86 |
| Алгебра және анализ бастамалары | 82,7 | 60 | 100 | 64 | 100 | 71 |

Бақылау жұмыстарының оң динамикасы қазақ тілі мен алгебра бойынша үлгерімнің артуын және қорытынды аттестаттаудың барлық төрт пәні бойынша білім сапасын артуын көрсетті. Әр сынақтан кейін мұғалімдер Б.А.Турсунова, Ш.Т.Султанаева, А.С.Кузембаев, Р.А.Назымбекова, В.А.Иванова, С.Ш.Ахметова, Б.С.Амрешова, Б.К.Жуспекөв талдаулар жүргізіп, қателермен жұмыс жасады, сондықтан нөлдік үзіндіден қорытындыға дейінгі білім сапасы 3-17% артты.

9,11 сынып түлектерінің қорытынды аттестаттау нәтижелерінің талдауы

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» ҚР ОАМ 2023 жылғы 04 қазандағы № 304 бұйрығына және «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.07.2023 ж. № 208 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) 9-сыныптарда орыс, қазақ тілдері, алгебра және таңдау пәндері бойынша; 11-сыныптарда орыс, қазақ тілдері, Қазақстан тарихы, алгебра және талдау бастамалары және таңдау пәндері бойынша қорытынды аттестаттау өткізілді.

Негізгі орта білім беру курсы

2025 жылғы 29 мамырдан 10 маусымға дейін негізгі орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттау өтті. Педагогикалық кеңестің 23.05.2024 жылғы №7 шешімімен 84 білім алушы емтиханға жіберілді

Негізгі орта білім курсы

| Жыл соңындағы 9-сынып оқушыларының саны | | | Оның ішінде | | | | | | | | |
|--|---------------|---------------|--|---------------|---------------|--------------------------------------|---------------|---------------|---|---------------|---------------|
| | | | Негізгі орта білім курсын аяқтағандары | | | «Үздік» аттестатының иегерлері | | | «4» и «5» бағаларына аяқтағандары | | |
| 2022- 2023 | 2023- 2024 | 2024- 2025 | 2022- 2023 | 2023- 2024 | 2024- 2025 | 2022- 2023 | 2023- 2024 | 2024- 2025 | 2022- 2023 | 2023- 2024 | 2024- 2025 |
| 82 | 84 | 96 | 82 | 84 | 96 | 6 | 2 | 9 | 49 (60%) | 50 (60%) | 61 (64%) |

ЕБҚ оқушылардың білім беру маршруттары пәндер бойынша әзірленген бейімделген жұмыс бағдарламалары негізінде құрылған. Қатысқан сабақтардың талдауынан пән мұғалімдері сабақта оқушыларды оқыту, олардың қажеттіліктерін қанағаттандырып әдіс-тәсілдерді қолдануға талпынатыны байқалды. Алайда,

жекеленген пәндер бойынша педагогтер инклюзивті жағдайда сабақ беру технологияларын толық меңгермегенін, сараланған тапсырмаларды құрастыруда қиындықтар бар екені анықталды. Сынып жетекшісі айына 1 рет сыныптан тыс жұмыстар өткізіп отырды.

Мектеп психологы жүйелі түрде түзету жұмыстарын: танымдық процестерді дамытуға (есте сақтау, зейін және қабылдау), сондай-ақ дамуға бағытталған сабақтар: ассоциативті ойлау, коммуникативті сала т.б. өткізді.

Қорытынды: инклюзивті білім беруді жүзеге асыру кезінде ЕББҚ психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді жүйесі құрылды; білім беру процесінің барлық қатысушыларында мүмкіндігі шектеулі балалардың проблемаларына толерантты қарым-қатынас жүйелі түрде қалыптасты; осы санаттағы оқушылар мектептің қоғамдық өміріне қатысады.

Анықталған мәселе: инклюзивті тәсілді жүзеге асыратын мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігі әлі де төмен деңгейде: педагогтерге түзету педагогикасы саласындағы мамандар тарапынан көмек қажет, өйткені олар арнайы психология бойынша жеткілікті білімге ие емес; инклюзивті жағдайда сабақ берудің түрлі әдіс-тәсілдердің педагогтер толық игермеуі;

Шешу жолдары: 1) Сынып жетекшілері мүмкіндігі шектеулі оқушыны сыныптан тыс жұмыстарға тартуға көп көңіл бөлуі керек. 2) Тапсырмаларды әзірлеуге және ЕББҚ оқушылардың білімін бағалауға, осы санаттағы оқушыларды конкурстарға, олимпиадаларға қатысуға тартуға сараланған тәсіл бойынша жұмыс жүргізу. 3) Осы оқушыларды әлеуметтендіру бойынша одан әрі жұмысты жүзеге асыру. 4) Осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін педагогтарға сапалы психологиялық-педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеу ұйымдастыру.

Үштілді білім беруді енгізу

Мектептің даму бағдарламасының «Орта білім мазмұның жаңғырту» бағытына сәйкес үш тілді білім беруді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру жалғастырылды. ОЖЖ-ның вариативті бөлігінің ЖМ бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту (ішінара енгізу) информатика, химия, физика және биология пәндері бойынша жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытылған сыныптар

| Пән | Арнайы курстың аталуы | Сынып | Оқушылар саны | Мұғалімнің аты-жөні |
|-------------|-------------------------|-------|---------------|---------------------|
| Физика | «The law of Physics» | 7a | 28 | А.Дигай |
| Биология | «Secrets of biological» | 7ә | 24 | А.Ж.Отарова |
| Химия | «Basic chemical» | 8a | 23 | Н.С.Бекмагамбетова |
| Информатика | «Mobile Application» | 8a | 23 | А.С.Серикбаев |
| Физика | «Physics in English» | 9a | 22 | К.Н.Сунгатов |

ЖМ бағытындағы пәндерін ағылшын тілінде оқытуды енгізу тәжірибесін қалыптастыру және дамыту, ЖМБ мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру мақсатында мектепте шығармашылық топ жұмыс атқарды.

2023 жылдың қараша айында мектепте үштілділіктің пәндік апталығы өтті. Апта аясында пән мұғалімдері 3 тілде сыныптан тыс іс-шаралар өткізді: марафондар, конкурстар, викториналар

2024-2025жылдың қорытындысы бойынша үш тілде оқытатын сыныптарда келесі нәтижелерді атап өтуге болады:Кестелерден ағылшын тілі бойынша 8ә (+21%), физика пәнінен 8а (+4%), 9а (+6%), биология пәнінен 8ә (+7%) сыныптарында білім сапасы жылдан жылға артып келеді, ал 7ә (-15%), 9а (-9%), 7а (-8%) сынаптарында ағылшын тілінен, 7ә (-15%)– информатика бойынша білім аздап төмендеді, бірақ әлі де сапа өте жоғары (76%-дан жоғары) екені анықталды.

Қорытынды: осылайша, үш тілді білім енгізілетін барлық сыныптарда ағылшын тілі бойынша білімнің жоғары сапасы байқалады. ЖМБ пәндері бойынша білім сапасы үнемі жоғары немесе шамалы төмендеу байқалады.

Анықталған мәселе: сыныптағы оқушылар санының көп болуы (биология, химия, физика енгізілген сыныптарда), бұл тілдік дағдыларды дұрыс қалыптасуына мүмкіндік бермейді; педагогтер оқушылардың жобалық қызметінде үштілділікті пайдаланбайды, үштілділікті енгізу бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесімен бөліспейді;

Шешу жолдары: 1) ағылшын тілінде оқыту бойынша пропедевтикалық жұмысты жалғастыру (оқушыларды тіл пәндері бойынша сапалы даярлау, үйірмелер желісін, тіл пәндері бойынша арнайы курстарды кеңейту, үш тілде іс-шаралар өткізу);

2) бағдарламалық қамтамасыз етуді құру, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша басқа мектептермен ынтымақтастықты құру;

3) ағылшын тілінде оқытылатын курстар бойынша арнайы авторлық бағдарламалар, әдістемелік кешендер әзірлеу;

Оқу – тәрбие үрдісін ақпараттандыру бойынша жұмыс

2024-2025 жылдары мектептің компьютерлік паркі 303 бірліктен тұрады. 298 компьютер оқу-тәрбие процесіне қатысады. 1 компьютерге оқушылар саны - 3. Барлық компьютерлер жылдамдығы кемінде 100 Мб/сек болатын кең жолақты интернетке қосылған.

Оқыту жалпы штаттық форматта өтті, алайда қашықтықтан оқыту технологиялары активті күндер кезеңінде оқытуды ұйымдастыруда қолданылды. Оқу процесі жүзеге асырылған негізгі платформа – Bilim Land. Сондай-ақ, мектеп ұжымы түрлі білім беру платформалары мен мессенджерлерді пайдаланады: Kahoot, LearningApps, Google Classroom, YouTube, Quizizz, What'sApp, Zoom т.б.. Мектепте ұйымдастыру-басқару қызметін автоматтандыру бойынша жұмыс жалғасты: Google-форма, Google-кесте, Google-дискіні пайдалану арқылы білім беру процесінің барлық қатысушыларынан мәліметтер жиналды.

Информатика пәнінің мұғалімі А.С.Серикбаев, тарих пәнінің мұғалімі А.С.Кузембаев YouTube видеохостингінде жеке каналдарын құрып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісуде.

Жыл көлемінде мектеп өмірі мектептің Instagram парақшасында өте белсенді түрде жарияланып отырды.

Ақпараттық технологиялар мұғалімдерге үздіксіз кәсіби білім беру үшін пайдаланылды: мектеп мұғалімдері онлайн-семинарларға қатысты, қашықтықтан

оқыту форматында курстардан өтті, онлайн-олимпиадаларға қатысты. Мультимедиялық техника сыныптан тыс іс-шараларды өткізу үшін, әртүрлі пәндер бойынша элективті курстарда, жобалау және зерттеу жұмыстарында, әдістемелік іс-шараларда қолданылды.

Информатика мұғалімдері сайтта орналастыру үшін материалдар әзірлейтін немесе компьютерлік қолдаумен сабақтар дайындайтын пән мұғалімдеріне консультациялық, техникалық және әдістемелік көмек көрсетті

Анықталған мәселелер: жыл көлеміндегі сабақтарға қатысудың талдауы педагогтер сабақ барысында, қашықтықтан оқыту сабақтарын ұйымдастыру кезінде интернет-ресурстардың интерактивті мүмкіндіктерін аз пайдаланатынын көрсетті; оқу үдерісінде АКТ-ны қолдану бойынша тәжірибемен бөлісу деңгейі өте төмен;

Шешу жолдары: 1) педагогтерге үздіксіз кәсіби білім беру және оқу процесін оңтайландыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану;

2) педагогтарды АКТ қолдану бойынша конкурстарына қатысуға ынталандыру;

3) мектеп педагогтеріне тәжірибемен бөлісу мақсатында YouTube видеохостингінде, Instagram әлеуметтік желісінде жеке каналдар мен парақшаларын ашу ұсынылады;

4) интернет жылдамдығын арттыру бойынша жұмыс атқару

VII ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ.

Қазіргі заманғы мектеп өзінің мүмкіндіктері мен мақсаттарына сәйкес білім беру процесін ұйымдастыруда жеткілікті еркіндікке ие. Сонымен бірге, бұл жағдай білім беру ұйымына тәрбие қызметінің сапасы үшін жауапкершілік жүктейді, яғни мектептің 2024 – 2029 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес мектеп оқушыларға, ата-аналарға және жалпы қоғамға тәрбие сапасына кепілдік беруі қажет және оны бақылап, басқаруы керек.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді және 2024-2025 оқу жылында Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығы және төмендегі нормативтік - құқықтық заңдарға сүйене отырып жасалды:


- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>
- Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Оқушылар санының салыстырмалы кестесі:


| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|------------------------|-----------|-----------|-----------|
| Оқушылардың жалпы саны | 882 | 907 | 891 |
| 1-4 сынып | 342 | 358 | 370 |
| 5-9 сынып | 444 | 436 | 395 |
| 10-11 сынып | 96 | 113 | 126 |

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына
арналған әлеуметтік паспорты**

| | 2022-2023 | | 2023-2024 | | 2024-2025 | |
|----|---|-----|---|-----|---|-----|
| | Санаты бойынша | | Санаты бойынша | | Санаты бойынша | |
| 1 | Мектептегі жалпы бала саны: | 889 | Мектептегі жалпы бала саны: | 907 | Мектептегі жалпы бала саны: | 868 |
| | 1-4 сынып оқушылары | 348 | 1-4 сынып оқушылары | 358 | 1-4 сынып оқушылары | 356 |
| | 5-7 сынып оқушылары | 282 | 5-7 сынып оқушылары | 245 | 5-7 сынып оқушылары | 220 |
| | 8-11 сынып оқушылары | 259 | 8-11 сынып оқушылары | 304 | 8-11 сынып оқушылары | 292 |
| 3 | Аз қамтылған көп балалы семья | 14 | Аз қамтылған көп балалы семья | 20 | Аз қамтылған көп балалы семья | 14 |
| | онда бала саны | 34 | онда бала саны | 55 | онда бала саны | 48 |
| 4 | Аз қамтылған отбасы саны | 28 | Аз қамтылған отбасы саны | 42 | Аз қамтылған отбасы саны | 28 |
| | оның ішінде АСП алатыны | 15 | оның ішінде АСП алатыны | 24 | оның ішінде АСП алатыны | 19 |
| 5 | Толық емес отбасы саны | 53 | Толық емес отбасы саны | 135 | Толық емес отбасы саны | 135 |
| 6 | Қолайсыз отбасы саны | 0 | Қолайсыз отбасы саны | 0 | Қолайсыз отбасы саны | 0 |
| 7 | Өгей әкесімен тұратыны | 5 | Өгей әкесімен тұратыны | 11 | Өгей әкесімен тұратыны | 11 |
| 8 | Өгей анасымен тұратын бала саны | 0 | Өгей анасымен тұратын бала саны | 1 | Өгей анасымен тұратын бала саны | 1 |
| 9 | ЕБҚЕО | 2 | - ЕБҚЕО | 1 | - ЕБҚЕО | 1 |
| 10 | Жетім бала саны | 1 | Жетім бала саны | 1 | Жетім бала саны | 1 |
| 11 | ОБПР Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны | 0 | ОБПР Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны | 0 | ОБПР Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны | 0 |



Мектепте «Жалпы оқу» ұйымдастырылуын, мектеп жасындағы балаларының оқумен қамтылуын бақыланды. «Білім туралы» Заңының (8 бап, 2 тармақ) «6 жастан бастап 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің мектепке толық қатысуын қамтамасыз етуі» бөлігінде ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпанындағы №255 және №738 қаулысын жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде 2015 жылдың 9 қаңтарына дейін Жаппай оқумен қамту бойынша айлық өткізілді. Соңғы айлық барысында жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, мектептің әлеуметтік картасы анықталды:



Жалпы мектеп бойынша 2022-2023 жылында жалпы бала саны - 889 болса, 2023-2024 оқу жылында 907, ал 2024-2025 оқу жылының басында 898 оқушымен оқу жылын бастап отырмыз. 3 жылды салыстырғанда балалардың мектепке келуінің өсуін 2023-2024 оқу жылында байқаймыз. Ал керісінше 2024-2025 оқу жылында балалардың санының кемуі байқалады. Бұның себебі, ата-аналардың мекен-жайының өзгеруі, басқа қалаға, ауылға ауысуы немесе оқушыларымыздың өзге мектепке ауысуына байланысты болып тұр. Әр параллель бойынша балалардың саны да өзгеріп келеді.



3 жылды салыстырғанда күнкөріс есебі төмен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған санаттағы оқушылар бойынша тоқталсақ, 2022-2023 жылы - 46 бала болса, 2023-2024 оқу жылында - 68 оқушы, 2024-2025 оқу жылында - 49 оқушы. Мектеп оқушыларының контингентінің ауысуына байланысты, аз қамтылған, аз қамтылған көп балалы отбасылардағы балалар саны да өзгерді. Мектепте 1 мүгедек оқушы бар. Бұл оқушының диагнозына байланысты ВКК оңалту бағдарламасы бар. Оқушыны зерттеу, дағдарыс жағдайында оған көмек көрсету, ата-анасына кеңес беру, жұмыс формалары мен әдістері анықталды, баланың құқықтары сақталды.



Жалпы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында мектебімізде әкесінің ғана тәрбиесіндегі оқушылар санына тоқталсақ, 2022-2023 оқу жылында - 5 оқушы болса,

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында өгей әкесімен бірге тұратын оқушылар саны - 11.

Бұл соңғы екі жылда өскенін көрсетеді.

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру

Басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;

- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;

- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;

- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі. Жыл бойы жалпыға міндетті оқу қорынан тегін тамақтануға құжаттар үнемі қабылданып отырды.

Мектеп асханасындағы тамақтың ұйымдастырулуы және жұмысы арнайы комиссиямен тексеріліп бақыланды. Бұл комиссия құрамына мектептің қызметкерлері, дәрігер, ата-аналар, қамқоршылық кеңесінің мүшелері кірді. Құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес 7 адам. Аталған бракераждық комиссия құрамы мектепшілік бұйрығымен бекітілген.

Бракераждық комиссия мүшелері асхананы аптасына бір рет, әр дүйсенбі күні тексеріп дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізсе, мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия күнделікті тексеріп, қадағалап отырады. Жүргізілген жұмыстар әдеттегідей интернеттегі «Мектептегі тамақтандыру» сайтына жарияланып отырды.

Комиссияның міндеттері:

- балалардың тамақтануын ұйымдастыруды және тағамдар сапасын (тамақтану режимі, санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау) бақылауды жүзеге асыру;

- оқушылар мен ата-аналар арасында ағарту жұмыстарын жүргізу;

- оқушылар арасындағы тұтынушылық сұранысты талдау;

- комиссияның жұмыс жоспарын жасап, оны білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісу. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераждық комиссиясы 4 тоқсан ішінде кестеге сәйкес 32 тексеріс жүргізді. Әр бақылаудан кейін арнайы берілген нұсқада АКТ толтырылып, тексеріс бойынша суретті- ақпяр веб-сайтқа жарияланып отырды.

Оқу жылында жүргізілген тексеріс барысында төмендегідей жағдайлар анықталды: ас дайындау бөлмесіндегі ыдыс-аяқтар таңбаланған және жеке арнайы шкафта сақталған. Шикізаттар мен дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөніс, көк, ет, сүт өнімдері, нан және нан-тоқаш өнімдері, аспаздық, ұннан жасалған аспаздық, кондитерлік өнімдер) бөлу үшін таңбаланған жеке бөлшектеу тақтайшалары пайдаланылады. Жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған, деформацияланған, эмалі зақымдалған ыдыстар анықталған жоқ. Қойма бөлмелері

және тоңазыту камералары стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған. Тамақ өнімдерінің табандықтарда, тауар қоятын орындары бар. Нан сақтауға арналған шкаф ағаштан жасалған. Арнайы тесіктері бар. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймада температуралық-ылғалдық, жарық режимі, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар көршілестігі сақталған. Тоңазытқыштар мен мұздатқыштардың ішінде арнайы термометрлер бар.

Мектептегі ас мәзірі екі апталық перспективалық ас мәзіріне сәйкес жүргізіліп отырады. Күн сайын асхана залында мектеп басшысы бекіткен ас мәзірі ілінеді, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіліп отырады. Күнделікті осы ас мәзіріне сәйкес тағамдар даярланып отырады. Тексеріс барысында құрамында жасанды бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәм күшейткіштер және тәттілендіргіштер бар шұжық өнімдері, сосискалар және басқа да тыйым салынған өнімдер анықталған жоқ.

Комиссия қызметінің циклограммасына сәйкес күн сайын медицина қызметкері тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді. Күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылып, сынамалар тоңазытқышта қақпағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен ауыстырылғанға дейін кемінде 24 сағат сақталатыны анықталды.

Мектеп асханасы 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды. Асханада оқушылар 2 ауысымда тамақтанады. Әлеуметтік педагогтың күнделікті бақылауымен оқушылардың тамақтану кестесі құрылып, сол бойынша оқушылар үзілісте кезекпен тамақтанады. Мектептің 1-4 сыныптардан 254 оқушысы бюджет тарапынан, аз қамтылған отбасыларынан шыққан 5-11 сынып арасында 136 оқушы тегін тамақтанды. Барлық сынып жетекшілері оқушыларды асханаға алып барады және тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Асхананың жабдықтылуы

Мектеп асханасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы бойынша жұмыс істейді. Мектеп бір мезгілде 180-ге жуық адамды ыстық аспен тамақтандырады.

Ас үй жұмысын мектеп медбикесі басқарады және 5 қызметкер жұмыс жасайды. Асхана жұмысшыларының бәрі санитарлық тексеруден өткен, медициналық-санитарлық кітапшалары бар.

Мектептің асханасы 180 орынға лайықталған. Ас дайындау блогы қажетті технологиялық құрылғылармен жабдықталған. Барлық құрылғы жұмыс істейді. Тауарлық көршілестік және температуралық режим сақталады.

Асхана персоналы сертификаты бар мамандармен жасақталған, барлық қызметкерде ас дайындау бөлімінде жұмыс жасауға рұқсаты бар. Оқушылар мен ас дайындау бөліміндегі персоналдың жеке гигиенаны сақтауы үшін жағдай жасалған.

2024-2025 оқу жылының қазан айынан бастап, транстелеком орталығымен біріге отырып, «Әлеуметтік әмиян» арқылы жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша жұмыс жүйесі іске қосылды.

Мектептегі **ауыз су режимін** ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектепте әр қабатта, бір-бірден ауыз су құбырлары орнатылды. Толығымен 4 құбыр бар.

Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар.

Мектепте барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасалды.

Әр жексенбі күні жеткізілген өнімдердің, күнделікті дайындалған тағамдардың сапасы тексеріліп, асхана жұмыскерлерінің денсаулығын бақылау журналы жүргізіледі. Жеткізілген шикі және дайын өнімдерді бақылау және оларды сақтау шарттары мен жарамдылық мерзіміне сәйкес пайдалану бақылауға алынған. Мектеп медбикесімен бракераж журнал жүргізіледі: шикі өнім бракеражы және дайын өнім бракеражы. Аталмыш комиссияның жұмысының міндеттерінің бірі тамақтануды санитария мен гигиенаның барлық нормаларын орындай отырып ұйымдастыру, сонымен қатар, оқушыларды тамақтандыруға қойылатын талаптарды сақтау болып табылады. Комиссия жұмысының міндеттеріне салауатты өмір салтын насихаттау, технологиялық құрылғылардың дұрыс жұмысын қадағалау да жатады.

Мектепте ұйымдастырылған тамақтандырумен қатар буфет жұмыс жасайды. Мұнда әр түрлі пісірілген буфеттік өнімдер мен әр алуан шырындар сатылды. Буфеттік өнімдердің бағасы арнайы стендте көрсетілген.

Асханада пайдалануға жол берілмейтін, яғни тыйым салынған тағамдар қолданылмайды.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- оқушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
- оқушыларға салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
- жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
- тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына бөлінген қаражат сомасы:

| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|----------------------------------|-----------|-----------|-----------|
| Жалпы сомасы | 8665000т | 8609000т | 8609000т |
| Ыстық тамаққа бөлінген қаражат | 5636552т | 5581800т | 5581800т |
| Жазғы демалысқа бөлінген қаражат | 385152т | 202500т | |

Жалпы оқу қорынан мектептің аз қамтамасыз етілген оқушылар саны, жартылай жетім, көп балалы отбасы баларынан 425 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып, қамқорлық көмекпен 2 бала, 1 бала арендатор көмегімен тамақтанды. Былтырғы оқу жылымен салыстарғанда ыстық тамақпен қамтуда 20 балаға өсіп отыр. Үйден оқытуға жататын балалар саны – 2. Олар: Сарсембаев Рамиль және Амаргала Айсана.

2022 жылдың «Қамқоршы» күніне орай оқушыларды киіммен және кеңсе тауарларымен қамту бойынша пайдалану актісі негізінде «ЖК Журағат Өнер – Білім Орталығы» «An-pur» арқылы аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 10 балаға 300000т және оқушыларды кеңсе тауарларымен қамту бойынша пайдалану актісі негізінде “Adal business club” 54176 т көлемінде спонсорлық көмек көрсетілді.

Әлеуметтік қорғауды қажет ететін оқушылар тізімі сынып жетекшілер арқылы қайта тексерілді. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер аз қамтамасыз етілген оқушылардың кеткен – келгенін анықтап, жағдайларын анықтау мақсатында оқушылардың өмір сүру жағдайларын зерттеу актілерін толтырды. Байқалған жағдайларына байланысты ата – аналарының өтініштерін жинады, ата – аналар комитетімен бірігіп, бір мезгіл тамақтануға және кеңсе тауарларға сұраныс жасады. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер бөлмесінде ілінген оқушының жағдайын зерттеуде керекті құжаттар тізімінің үлгісін басшылыққа алды және баланың денсаулығына, тән саулығына әсерін тигізетін әлеуметтік жағдайлар: ол отбасының толық немесе толық болмауы, жанұядағы адам санына бөлінетін ата – анасының алатын еңбек көлемі, ата-ананың жұмыс істеу, не болмаса жұмыссыз болуы, отбасының берекелі не болмаса берекесіз болуы, тұратын баспана жағдайы, баланың жеке өз басының денсаулық ерекшелігі, егер ол мүгедек бала болса, соған байланысты қаражаттың жұмсалуды бақыланды. Осы айтып кеткен жұмыс көлемінің бәрі бүгінгі күні мектептің сынып жетекшілерінің атқарған жұмыстары болып отыр.

Оқушылардың салауатты өмір салты бойынша дұрыс түсініктерін қалыптастыру мақсатында 3 жылдың мониторингі жасалды, оқу процессінде оқушылардың денсаулығының әлсіреуінің алдын алу мақсатында тубвиражды оқушыларды мектеп медбикесі А.У. Кусаинова емдеу-терапиясын, олардың күнделікті дәрісі мен дәруменін беруді өз бақылауына алып келеді.



1. Мектеп кітапханасының жұмысы

Мектеп кітапханасы өз жұмысында басшылыққа алады: «Білім туралы Заң», «Кітапхана ісі туралы Заң», «Мектеп кітапханасы туралы ереже». Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхана үшінші қабатта орналасқан. Оқу залының көлемі 67,8 шаршы метр. Кітапхана кітапханашының жұмыс орнынан басқа, оқырмандарға арналған абонемент, оқу залы, коворкинг орталығы, интернет қосылған 5 компьютермен жабдықталған. Оқулықтар қорын сақтайтын кітап қоймасы бар.

Кітапханамен шектес оқу залында 10 көрме сөрелерінде маңызды ақпараттық оқиғалар туралы мәлімет табуға болады. Жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес.

Кітапхана қорына 2022-2025 оқу жылында түскені.

| жылы | Қордың саны | оқулық | әдістемелік | ғылыми | әдебиет | Электр оқу |
|-----------|-------------|--------|-------------|--------|---------|------------|
| 2022-2023 | 24906 | 24078 | 7 | 225 | 251 | 5 |
| 2023-2024 | 25145 | 21511 | 0 | 0 | 545 | 0 |

| | | | | | | |
|-----------|-------|-------|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 29422 | 26145 | 0 | 0 | 6 | 0 |
|-----------|-------|-------|---|---|---|---|

Оқырмандар санының көрсеткіші

| жылы | Оқырман саны | Келушілер саны | Кітап берілімі | Кітап беру жеткіліктері | Қамтандыру | келу | % пайыз |
|-----------|--------------|----------------|----------------|-------------------------|------------|------|---------|
| 2022-2023 | 874 | 8836 | 25753 | 0,8 | 24,4 | 10,3 | 2,8 |
| 2023-2024 | 895 | 10119 | 25979 | 0,8 | 27,3 | 12,1 | 3,0 |
| 2024-2025 | 891 | 11325 | 26282 | 0,9 | 29,3 | 13,1 | 3,2 |

Көрсеткіштерді салыстыру арқылы шешулерге жетуі мүмкін: 2022-2025 жылдарында мектеп оқушылары арасындағы оқушы саны сақталады. Оқу жылы бойынша бұл көрсеткіш барлық оқушы санының 100%-ын теңдеген. Оқушылардың саны сәл төмендеседе, кітап беруі артты. Сондықтан, оқушылардың оқу көрсеткіштері, ұсынылыстары, оқырмандар көрсеткіштері артты.

Әдебиеттер саны - 3277 дана. Электрондық оқулықтар 60. Мемлекеттік тілдегі оқулықтар 26145 дана. Мектепте 250 дана энциклопедиялар, анықтамалықтар, мемлекеттік және орыс, шетел тілдеріндегі сөздіктер бар. Бірақ кітапханада жаңа кітаптардың саны тым аз, биыл 2024-2025 оқу жылы жаңадан әдеби кітапханаға алты дана кітап келіп түспеді.

Жылда жазылу басылымдарға (газет пен журналдарға) 80.000 мың теңге жіберіледі. Тізім бойынша мұғалімдерге арналған 4 басылым, оқушыларға 18.

Оқулықтар арнайы қоймада сақталады. Сөрелерде оқулықтар сыныптар мен пәндер бойынша орналасқан. Кітапхана қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімді. Кітапханада Қазақстан жазушыларының, кеңестік және шетелдік жазушылардың әдебиеті бөлінген. Салалық әдебиеттер кітапханалық - библиографиялық жіктеу бойынша орналастырылған, сөрелік бөлгіштер бар.

Кітапханада атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылады. Барлық көрмелер қазақ және орыс тілдерінде рәсімделген. Кітапханада қазақ және орыс тілдерінде мерзімді әдебиеттер бар.

Оқырмандар формуляры жүргізіледі, онда оқырмандарға берілген кітаптар туралы жазбалар бар. Кітапхана қорына жаңадан түскен барлық кітаптар түгендеу кітабына енгізіледі. Кітаптарда осы мектептің мөрі бар, түгендеу нөмірлері бар. Күнделікті жұмыс үнемі жүргізіледі. Жылына 2 рет оқулықтардың сақталуын тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Пәндер бойынша электронды оқулықтар бар. Нормативтік құжаттар: кітапхана туралы ереже, жылдық жұмыс жоспары, кітапхананы пайдалану ережесі. Кітапхана қызметін бақылау директор жанындағы жиналыстарда және әкімшілік планерлерде кітапханашыны тыңдау арқылы тұрақты түрде жүзеге асырылады.

2022-2025 оқу жылы қорды жаңарту үшін қосымша оқулықтарға тапсырыс беріледі.

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында

жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу –тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру.

Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу. Осыған байланысты ұсынылды:

1. Оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру;
2. Көркем шығармаларға сыни көзқарасты қалыптастыру үшін жағдай жасау;
3. Өнімді оқу дағдыларын қалыптастыру;
4. Әр оқушының жеке оқу шеңберін құру.

Нәтиже: мектеп кітапханасының пайдаланушылары саны барлық мектеп оқушылардың барлығына 100% теңдейді. Оқу жылының соңында читательдік белсенділік нысаны бойынша талдаудан келесі нәтиже, бастапқы мектепте читательдік әрекеттілігі ең жоғары болып табылады. Орта және жоғары мектеп балалары аз оқиды. Белсенді оқырмандар қатарына кітапханаға үнемі келіп тұратын, өзінің оқырмандық қызығушылықтары бар, бағдарламалық және бағдарламадан тыс шығармаларды оқитын оқырмандарды жатқызамыз.

Кез келген мектеп кітапханасының автоматтандыруы бірінші орында, жұмыстың эффективтілігін және сапасын арттыру, ақпараттық қызметтердің сапасын жақсарту, оқушылардың білім процессіне қолдау көмек көрсету мен білімді кеңейтуге. Осы міндеттерді шешу үшін кітапханада 5 компьютер (оқушылар үшін 4, кітапханашы үшін 1); Жиынтықталған компьютерлік жиынтық берілген, барлығы интернетке шығу мүмкіндігі бар, локальдық желіге қосылған. Кітапханада техника қауіпсіздігіне арналған стенд бар, ілінген, оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды тіркеуге журнал басталады, өрт кезінде эвакуациялау жоспары құрылған, медициналық қорапшасы бар.

2024-2025 оқу жылда қандай негізгі мәселелермен жұмыс істеу керек екені көрінді:

1. Оқушылардың оқу белсенділігі төмендеді, кітапты Интернет ауыстырды

Жалпы жұмыс істеу керек мәселелер осындай:

1. Оқушылардың кітап оқу белсенділігін күшейту, балаларды кітап оқу шақырудың жаңа формаларын табу.
2. Қорды жаңа көркем және балалар әдебиетімен толықтыру, Жылда бір рет «мектепке кітап сыйла» акциясын өткізу.
3. Ақпараттың сапасын және қолжетімдігін арттыру, оқырмандарға қызмет көрсетудің сапасын арттыру жұмысын жалғастыру.
4. Кітапхана қызметінің және кітапхана сайтының жарнамасын белсендеу өткізу.
5. Кітапхана қорын әдеби кітаптармен толықтыру: әдебиет кітаптарына тапсырыс беру.

Ұсыныс: компьютер санын 4-у емес, жеті компьютер қойса.

Кітапхана қорындағы әдебиеттерді, соның ішінде қазақ әдебиеттерін насихаттауды қазақтың салт-дәстүрін үйретуге, әр салада түскен әдебиеттерге хабарлама жасауға, оқырмандарды оқуға қызығушылығын арттыруға көмектесуі. Ақын-

жазушылардың туған күн мерей тойларына сынып жетекшілерімен бірлесіп отырып, әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуы.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда «Оқитын мектеп» атты акция ұйымдастырылды. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітапханаға баулу.

Акция аясында 1-11 сынып оқушыларына қазақ, әлем әдебиетінің шығармалары бойынша шолу өткізілді. Оқушылар жаңа кітаптармен танысып, кітапханаға жазылды. Қатысқан оқушылар саны – 52. Алдағы уақытта акция жалғасын табады. Оқушылармен WhatsApp желісі арқылы таныстырылды және мектептің Instagram парақшасына салынды.

<https://www.instagram.com/p/C3xhTWHI9by/?igsh=MWgyNDJsNmxiMWh6Yw===>

Мектеп кітапханасында 2 - ші «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В», 2 «Г» сынып оқушыларымен «Кітап деген бір әлем» кітапхана сабағы өтті. Экскурсия барысында барлық ережелерімен танысып, кітап оқуға құмарлығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсаң ой ойлаудан да тиылар едік» (Ғабит Мүсірепов, жазушы Оқушыларды «Мен оқитын кітаптар» кітаптар көрмесі аса қызықтырды, өздерінің сүйікті кітап кейіпкерлерін естеріне алып, ұнаған кітаптарын өздерінің құрдастарына оқуды ұсынды. Қатысқан оқушылар саны – 123.

<https://www.instagram.com/p/C3xV4N2olij/?igsh=a2k0dGp5cXR0Yzli=>

"Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу бекітілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 7 «А», «Ә», «В» сынып оқушыларымен әдеби кеші өтті "Төлен Әбдік- қазақтың көрнекті жазушысы" бір ел - бір кітап акциясы бойынша, 7 "В" сынып оқушыларымен әдеби кеш "Төлен Әбдікұлы - қазақтың көрнекті жазушысы". "Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу бекітілді. Төлен Әбдікұлы шығармаларындағы шоқтығы биік туындының бірі – "Қонақтар" әңгімесі. Шағын ғана әңгіменің идеясы мен айтар ойы тереңде. Бір қарағанда, "Қонақтар" әңгімесі әке мен ұлдың арасында немесе ата-ана мен бала арасында ренішті, көңілтолмаушылық пен зілді суреттеген шығарма болып көрінуі мүмкін. Алайда әңгіменің айтар ойын одан да терең, одан да биік ұғымдардан іздеуге болады. Кітап көрмесі ұйымдастырылды, өлеңдерін оқыды, ұзінді көрсетілді. Қойылған сұрақтарға балалар белсене қатысты. Қатысқан оқушы саны-81.

<https://www.instagram.com/reel/C3xTtKkoV3g/?igsh=ZGVmZXZhaWtvY2Jr=>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығынан "Бердібек Соқпақбаев - балалар әдебиетінің атасы" атты әңгіме-шолу өтті Өмірбаяны, шығармалары туралы бейнежазба жасалды. Акцияға қатысқан оқушылар оқыған шығармаларын бейнежазбаға түрінде бөлісті. Қатысқан оқушы саны -22. Акция әлі де жалғасып жатыр.

Қазақ балалар әдебиеті — балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу. Балаларға арналған кітап көрмесі

ұйымдастырылды: М.Мақатаев, С.Бегалин, М.Әлімбаев, Б.Сокпақбаевтың т.б. жазушылардың шығармалары жинақталды, «Менің атым-қожа» атты филімінен үзінді көрсетілді, сұрақтар берілді. Қатысқан оқушы саны -25.

<https://www.instagram.com/reel/C4QwbC-oTf5/?igsh=eGlhcXp4ZDVyYXBh=>

<https://www.instagram.com/p/C3xiNzqoo4Y/?igsh=MTA0cmRicjA5ejJkdA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xfc-Bo0ct/?igsh=cmViZTY0b2U4d21h=>

<https://www.instagram.com/reel/C3xfKE5Is4i/?igsh=cXN1enBzdXM5ZTAw=>

9-10 сынып оқушылары "Мәдени мұраларға саяхат" атты "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның аясында Бұқар Жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайына саяхат жасады.

Мұражай экспозициясы 7 (жеті) залда орналасқан: халық ауыз әдебиеті залы, көне түркі жазбалар ескерткіші залы, Бұқар жырау залы, XX ғасыр басындағы әдебиет, әдебиеттер достастығы залы, қазіргі заман әдебиеті залы, өнер залы. Қазіргі кезде мұражайда 49 мыңнан астам экспонат бар. Мұражай қорына көптеген бағалы жәдігерлер жинақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Қадыр Тайшықов, Дихан Әбілев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Зейін Шашкин, Қалижан Бекхожин және т.б. өнерлік ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығы бойынша қосымша ақпарат қызықты болды. Оқырмандық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті. Қатысқан оқушы саны -28.

<https://www.instagram.com/reel/C3xitsfINLX/?igsh=MXZoYzE3NHJ1Z2E2MQ===>

Мектебімізде "Қара сөздің жауһарлары" атты "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы іске асыру мақсатында 9 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылары мен айтыскер ақынмен кездесу-сұхбат өткізілді. Кездесуге жас ақын Жұмәлі Мизам - облыстық, республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы әрі жүлдегері жерлесіміз шақырылды. Кездесу барысында қонағымыз өз өмірі туралы қысқаша баяндап және оқушыларды қызықтырған сауалдарына жауап берді. Қатысқан оқушы саны -70.

Абай Құнанбайұлының туғанына мектеп кітапханасында, кітап көрмесі арқылы ұлы ақын, ойшыл, сазгер, философ Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының көрмеге қойылған ақынның өлең жинақтары, қара сөздері, хикмет кітаптарымен танысты. Қатысқан оқушы саны-40.

<https://www.instagram.com/p/C3xVPTeo7ry/?igsh=MXQ5dzAzZ2dlcmpqNw==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы ұйымдастырған «Республикам менің» челенджіне қатыстық. Мектеп кітапханасында көрме оқушыларға ұйымдастырылды Павлодар қаласының №19 жалпы орта білім беру мектебінің 3 «В» сынып оқушысы Мирманова Малика «Отан» Б.Ысқақовтың өлеңін оқыды, сынып жетекшісі Арыстанбекова Жанар Қымбатовна. Қатысқан оқушы саны-29.

#республикам_менің

<https://www.instagram.com/reel/C3xVBhsoCd9/?igsh=MTM5OWVnZWpucnBxYg==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында - Республика күніне орай мектеп кітапханасында, жоғары сынып оқушыларана көрме ұйымдастырылды «Менің Отаным — Қазақстан». Қатысқан оқушы саны-50.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVBhsoCd9/?igsh=MTM5OWVnZWpucnBxYg==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xISmcoNiS/?igsh=Z2ZoY2JxYWN5aDEz=>

5-6 сынып оқушылары мен «Республика күніне» арналған «Туған өлкем – тұнған шежіре» сайыс өтті. Тақырып бойынша оқушылардың алған білімдерін байқау, сұрақтарға жауап беру, ата - дәстүрімізді құрметтей білуге, сүйеге, адамгершілікке, шешендікке, өз Отанын, халқын, жерін сүйеге, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, сөз құдіретін тани білуге тәрбиелеу. Қатысқан оқушы саны -60.

<https://www.instagram.com/p/C3xplwYoMoE/?igsh=MTU2YmM3dTlmeGU5dg==>

Халқымыздың біртуар азаматтары, қатар жайқалып өскен алып тұлғалы үш бәйтерегі – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Илияс Жансүгіров ағаларымыздың ерен еңбектерін елі мақтан етеді! Өмірбаяны, шығармалары туралы бейнежазба жасалды. Қатысқан оқушы саны- 35

<https://www.instagram.com/reel/C3xh2-YIjTN/?igsh=bGd6YWRiajY1bWx5=>

Мектеп кітапханасында «Туған өлкем, қандай көркем» атты танымдылық сағаты 6 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларымен өтті. Бұл сағаты туған жеріміз Павлодар қаласының тарихына арналған. Оқушыларға туған елінің, жерінің әйгілі жазушыларымен, ақындарымен, табиғаты туралы мол мәлімет береді. Павлодар қаласының ертедегі және қазіргі кездегі жағдайын салыстыра отырып, талдайды. Туған жерінің керемет тарихи ескерткіштері туралы біледі. Туған жерінің әрбір тасының қымбат екенін сезініп, құрметтеп, қастерлеуге үйретеді. Павлодардың әдемі орталық екендігін сезініп, тарихта алатын орнын анықтайды. Видео арқылы мәліметтер көрсетіп және кітап көрмесімен танысты. Қатысқан оқушы саны-45.

<https://www.instagram.com/p/C3xplwYoMoE/?igsh=MTU2YmM3dTlmeGU5dg===>

Мектеп кітапханасында 8 «Ә», «Б» сынып оқушыларымен «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы- ұлы ойшыл, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы» кітапханалық сағаты өтті. Іс – шараны бейнеролик «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» арқылы ашылды, тақырыпқа байланысты нақыл сөздер қолданылды, көрме ұйымдастырылды, сұрақтар қойылды, оқушылар жауаптарын берді. Қатысқан оқушы саны-26.

"Алты алашқа танылған Мәшһүр атым» Мәшһүр онкүнділігіне арналған «Мәшһүр әлемі – даналық мұхиты» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қатысқан оқушы саны -50.

https://www.instagram.com/p/C3xkv_TIwjQ/?igsh=MXV5bTBkMmFudDc1bQ===

<https://www.instagram.com/reel/C3xllMfoTGS/?igsh=MXVlcDBraWxkaWpuaw===>

<https://www.instagram.com/reel/C3xl-7jo1c8/?igsh=ZHdndnB0eWVkJ3lM=>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 8 «А», «Б», «Ә» сынып оқушыларымен «Классиктерді бірге оқимыз» Ақын есімі – ел есінде атты әдеби кеші өтті. Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығына тоқталу, балалық шағы, білім алу жолдары, қызметі, алдына қойған мақсатқа жету жолын үйрету. Ақын шығармалары арқылы әдеби білімдерін, өзіндік ой пікірін жүйелі жеткізуін, ойлау, салыстыру қабілеттерін дамыту. Оқушыларды ұлттық патриотизмге, оқу-білімнің маңызын түсіне білуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуға тәрбиелеу. Видео арқылы мәліметтер көрсетіп, кітаптарымен танысты. Қатысқан оқушы саны-38.

<https://www.instagram.com/reel/C3xUdeJlgb9/?igsh=bjY1ZXY1dDI0MmEy=>

<https://www.instagram.com/reel/C3xVQqsIvQH/?igsh=OWFscTVna2w5bDdh=>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жазушы Тахауи Ахтановтың 100 жыл туғанына орай 10 «В» сынып оқушыларымен библиографиялық шолу өтті. Жазушының өнімді де жемісті еңбек еткен жанры – проза мен драматургиясы мен

танысты. Баспасөз бетінде алғаш жарық көрген әңгімесі – "Күй аңызы", "Боран" романы, осы шығарма үшін жазушы 1966 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты иеленді. Роман көптеген шетел тіліне аударылды. Ал мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтановтың "Шырағың сөнбесін" романы өткен ғасырдың 60-80 жылдары қазақтың ұлттық прозасын көркемдік биік деңгейге көтерген, шеберлік тағылымы мол туынды. Оқушыларға қысқаша видеоның үзіндісі көрсетілді. Қатысқан оқушы саны-29.

<https://www.instagram.com/reel/C3xllMfoTGs/?igsh=MXVlcDBraWxkaWpuaw==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» қысқы демалыс кезінде бос уақытымызда кітап оқимыз атты іс шара ұйымдастырылды. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітапханаға баулу. Жоба аясында 4 «Ә» сынып оқушысы Сансызбай Айзере Абай Құнанбаевтің шығармаларымен танысып "Қыс" өлеңін оқыды.

<https://www.instagram.com/reel/C3xqPHUIsq1/?igsh=MWN6aTB1OW4wcDgzNA===>

«Ерлік пен елдіктің өшпес рухы» атты 7 «А», «Ә», «В» сынып оқушыларымен тарихи сағаты өтті. Оқушыларға қазақтың біртуар ұлы Исатай Тайманұлының өмірі, ерлік жолы туралы мағлұмат беру.

Кешегі өткен ұлы батырлардың істерін бүгінгі ұрпаққа үлгі - өнеге ете отырып, оқушылардың бойына ұлтжандылық, адамгершілік, батылдық сынды ізгі қасиеттерді дарыту. Видео көрсетілді. Қатысқан оқушы саны-45.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVOLFoSX7/?igsh=NW9pa21zN25rbDd0=>

10 «А», «Б» сынып оқушыларымен «Желтоқсан ызғары» атты тарихи сағатымыз өтті. Бүгінгі тақырыбы: тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ жастарының өшпес ерлігіне арналды. Алматыда 1986 жылғы желтоқсан айында болған оқиға Қазақ халқын ғана емес, сол кездегі бүкіл Кеңес елінің санасын ұйқыдан оятқан еді. Осы қанды оқиғаға қатысқан 16 мен 20 жас аралығындағы жас студенттер еді. Біз желтоқсан құрбандарының даңқы арта берсін деп бас иіп тағзым етеміз. Желтоқсан құрбандарына тағзым етіп, еске алу – біздің парызымыз. Желтоқсан оқиғасын оқушыларға таныстыру. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысқан оқушы саны-25.

<https://www.instagram.com/reel/C3xT1mzIwgh/?igsh=MXF2YjB6Mmh4OTJleA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xVTJvIos0/?igsh=MWV1bjdnckmwZmVmcg==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен библиографиямен доспын» кітапханалық сабағы өтті. 10 сынып оқушылары алфавиттік және жүйелі каталог пен танысып, энциклопедиялармен, сөздіктермен қалай жұмыс жасауға болады. Алфавиттік каталог бойынша: кітапхана нақты бір кітаптың, белгілі бір автордың кітабының, белгілі бір мекеме еңбектерінің бар жоғын, олардың қандай басылымда, қандай тілде жинақталғанын тез анықтауға болады. Алфавитті каталог - кітапханалық каталогтардың бір түрі, каталогтар жүйесінде алатын орны ерекше және ондағы библиографиялық жазбалар қатаң алфавиттік ретпен орналасады. Қатысқан оқушы саны-9.

https://www.instagram.com/reel/C3xVXU_IL7q/?igsh=MXpsMTZoM2w1dzYw=

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында 3 «А», «Б» сынып оқушыларымен "Мың бір жұмбақ-мың бір мақал" білімді бала сайысы өтті. Оқушыларға ертегі туралы айту, оның түрлерін бөле білу. Ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету, оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту, ертегіні сүйеге тәрбиелеу. Қатысқан оқушы саны-32.

<https://www.instagram.com/reel/C3xT4-LILc-/?igsh=MXhua2JyOWZqY2t2ag==>

Мектеп кітапханасында 5 «А», «Ә» сынып оқушыларымен "Сен достықты қалай түсінесің" атты кітапханалық сағаты өтті.

Сағаттың мақсаты: Достық туралы жақсы пікір қалыптастыру;

Оқушылардың достық туралы ой - пікірлерін дамыту;

Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу; адал дос таба білуге баулу.

Видео көрсетіп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Достық туралы нақыл сөздер айтты балалар. Қатысқан оқушы саны-28.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVAkeoMQ7/?igsh=MXg4Ynk2dms2a2U1cw==>

Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша "Ой-маржаны –кітап" (Жаңа кітаптар көрмесі)

Кітап-адамзат ақыл-ойының інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді, дәл бір темір мен тастан қашалып жасалған ескерткіштердей, ғасырлар бойына сақталады.

«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ойшыл Абай Құнанбаев айтып кеткендей, түйсігі бар әрбір адамдар үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз.

Мектеп кітапханасында оқырмандарға «Ой маржаны-кітап» атты жаңа әдебиеттер көрмесі ұйымдастырылды.

Құрметті кітап сүйер қауым! Сіздерді «Жаңа әдебиеттер» көрмесімен танысуға, кітап оқуға шақырамыз! Сіздер үшін кітапхана есігі әрдайым ашық. Қатысқан оқушы саны-60.

https://www.instagram.com/reel/C3xT8n_o-TV/?igsh=dHdhcDI2azJvNXhz=

<https://www.instagram.com/reel/C3xTwSkIS2K/?igsh=MW5pbW15dTg1NTl4dA====>

Акция «КІТАП СЫЙҒА ТАРТУ»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқырмандары арасында «кітап сыйлау» акциясын жүргізіп мектеп кітапханасына кітап сыйлады. Акцияның мақсаты: әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру. Акция жалғасуда.

<https://www.instagram.com/reel/C3xUzOxIO-t/?igsh=MXEwNzJ6Z2Z3YWws0eQ==>

Павлодар облысының 85 жылдығына орай 8-9 сынып оқушыларымен қалалық М.Жаманбалинов атындағы кітапхананың "Павлодар облысының тарихы" атты деген іс шарасына қатыстық. Өлкеміздің ақын-жазушыларымен, ұлы ғалымдар, өнер адамдары, облысымыздың тарихы туралы жақсы мәлімет алды, кітап көрмесі ұйымдастырылды, сұрақ-жауап викторинасы өтті. Қатысқан оқушы саны-25.

<https://www.instagram.com/reel/C3xU0ProEZo/?igsh=MTV4NmZoZmFyejVobQ==>

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы бойынша 9 ай бойы мектебімізде салауатты өмір салтын жаппай насихаттау, үгіттеу, қалыптастыру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырылып өз мезетінде өткізілді.

Қазан айында өткізілген «Дұрыс тамақтану, күн тәртібін дұрыс жоспарлау» іс-шаралары бойынша онкүндік өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Дені сау ұрпақ - жарқын болашақ», «Өзгенің қатесі –өзіңе сабақ» атты ай бойы 5-6 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. «Жыныстық тәрбие берудің кейбір тиімді жолдары» атты қыздар кент дәрігерімен жиналысы өткізілді . Оқушылар ай бойы туберкулез туралы ақпарат жинады.

Қараша айында «Дұрыс тамақтану» және «Таза қолдар» айлығы өтті. Айлық барысында темекі шегу, алкоголь, нашақорлық айлығының профилактикасын медбике, сынып жетекшілердің қатысуымен өткізілді. Оқушылармен «Дәрумендер», «Зиянды заттардың адам ағзасына әсері» атты тақырыпта дәргерлермен кездесу өтті. Ай бойы мектебімізде «Туберкулездың алдын алу» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді . Мұнда өкпе туберкулезі туралы және одан сақтанудың жолдары туралы кеңестер берілді. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен лекция сабағы ұйымдастырылды. Ата-аналар арасында күрт ауруының алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында «Сақтан, күрт ауруынан!» атты лекция оқылды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының желтоқсан айларында өткізілген ЖҚТБ-ға қарсы күрес айлығы өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Біз СПИД-ке қарсымыз» атты (5-11 сынып) zoom платформасы арқылы дебат әңгіме жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының қаңтар айында өткізілген «Кароновирустан қалай сақтану» айлығы өтті. Айлық барысында өзім «Тұмау дертінен айығудың бір жолы» атты баяндама оқыдым. Онда 250 оқушы қатысты. Ай бойы «Дені сау ұрпақ - жарқын болашақ» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағатын өткізді. 9 «А» Сынып жетекшісі Б.А.Турсунова «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» атты тәрбие сағатын өткізді. Салауатты өмір салтының бағыттаушысы З.К.Жумажанова 5-сынып оқушыларына «Тұмаудан қалай қорғануға болады» атты тақырыпта түсіндірмелі жұмыс жүргізді.


Ақпан айында «Салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау» іс-шаралар өткізілді. Мектебіміздің медбикесі А.У. Кусаинова, мектебіміздің психологтары С.Ж.Шегір, Г.О.Ахметова, ДТЖО Р.Ж.Саденова қатысқан ауқымды кездесу өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – қыз баланың ерте жастан жыныстық

қатынасқа түсуінің зияны мен қасіреттері туралы, ерте жүктіліктің алдын алу туралы кеңес береді. А.У. Кусаинова кездесетін жұқпалы жыныстық аурулардың түрлеріне, оның жұғу жолдары туралы тоқталды. Оқушылар қойылған сұрақтарға түсінікті түрде жауап берді. Жалпы жұқпалы аурулармен ауырмау үшін жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау керек деп кеңес берді. Мектеп психологы С.Ж.Шегір қыздар арасындағы дөрекілік, жеңілтектік мінездерді ұл балаларға көрсетпеу керек, себебі ұлдар арасында өзінді сыйлаудан қалдырасың. Қыздар бір-бірімен әдепті, инабатты қарым – қатынаста болуы тиіс. Жалпы қазақ қыздарына тән мінезді болуға шақырды.

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен кұрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз. Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн.

Қорыта келе медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі. Жалпы осы тақырып толығымен оқушыларға түсіндірілді.

Мектептің жылдық жоспарына сай айлық, апталық жоспарлар жасалынды. Демек, қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейін жылдық жоспар бойынша жоспарланған іс шаралар атқарылды.



Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін психологиялық тренингтер апта сайын түрлі тақырыптарға мектеп психологтары өткізеді.

Бастауыш сынып оқушылары арасында "Әкем, анам, мен спорттық отбасымын". "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында, сондай-ақ мектеп құрамасы волейбол мен баскетболдан спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ТЖД-мен бірлесіп оқу жылы ішінде барлығы үшін міндетті оқу эвакуациялары және өрт сөндіру бөліміне 10-11 сынып оқушылары үшін оқу экскурсиялары өткізіледі.

Мектеп оқушылары қала бойынша түрлі спорт түрлері бойынша лигаларға белсенді қатысады. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мамандарды шақыра отырып, денсаулық күндері үнемі өткізіліп тұрады. кездесулер, темекі шегудің, алкоголь мен есірткі заттарын қолданудың зияны туралы дәрістер мен әңгімелер, АИТВ/ЖИТС, туберкулез, инфекция және басқа да аурулардың алдын алу бойынша ақпараттандыру. мамандарды тарта отырып. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектеп базасында келесі спорттық іс-шаралар өткізілді.

| № | Іс-шара | Өткізу нысаны | Өткізу күні | Ұйымдастырушы | Сынып |
|----|---|---------------------------------------|------------------|----------------------------------|--|
| 1 | Денсаулық күні - - музыкаға арналған флэшмобты зарядтау - Арқан тарту - "Малакай" қазақ халық ойыны - "Денсаулық бағыты" квесті - эстафеталық жүгіру - Шахмат - Көңілді бастаулар | күндізгі | 14.09.- 15.09 | Жумаханова С.К. Оспанов А.Н. | 10-11 сын. 9-е сын. 5,6,7 сын. 8 сын. 3ә,4ә 3-4 сын. |
| 2 | Жеңіл атлетикадан жарыс | күндізгі | 1.11 | Жумакельдин С.Ж. | 9- е сын. |
| 3 | Жеңіл атлетикадан жарыс | күндізгі | 1.11 | Жумаханова С.К. Оспанов А.Н. | 8-а сын. |
| 4 | Қала көшелерімен серуендеу | қала көшелерінде | 2.11 | Картова Ж.М. | 8 «в» |
| 5 | Көңілді старттар | күндізгі, мектеп спортзалы | 2.11 | Жумакельдин С.Ж. | 5- сын. |
| 6 | Пионерболдан жарыс | күндізгі, мектеп спортзалы | 1.11 | Картова Ж.М. | 6- сын. |
| 7 | Жарыстар "Бізбен бірге жаса, біз сияқты жаса, бізден жақсы жаса" атты көңілді старттар | күндізгі, мектеп спортзалы | 24.11 | Жумаханова С.К. Оспанов А.Н. | 11 сын. |
| 8 | Волейболдан жарыс | күндізгі, мектеп спортзалы | 6.12 | Картова Ж.М. | 10-11 сын. |
| 9 | Волейболдан жарыс | күндізгі, мектеп спортзалы | 28.10 | Оспанов А.Н. Садвакасов Е.К. | 9- сын. |
| 10 | Волейболдан жарыс | күндізгі, мектеп спортзалы | 4.01 | Картова Ж.М. | 8 –сын. |
| 11 | Шахматтан жарыс | күндізгі, каб 45 | 25.01 | Жумакельдин С.Ж. | 1-11 сын. |
| 12 | Көңілді старттар жарысы | Сыныптар арасын дағы жарыстар | 30.01- 31.01 | Жумакельдин С.Ж. Оспанов А.Н. | 1-сын. |
| 13 | Көңілді старттар жарысы | Сыныптар арасындағы жарыстар | 24.02 | Жумаханова С.К. Оспанов А.Н. | 4- сын. |
| 14 | Денсаулық күні - Ашықойындар - Көңілді бастаулар - "Шахмат елінде" шахмат турнирі - Көңілді бастаулар | спорт алаңы Сыныптар ішінде | 31.01- 1.02 | Садвакасов Е.К. Картова Ж.М | 1-2- сын. 4 -сын. 3 Ә, 4 Ә, 2 Ә 8-11 сын. 4- сын. |


| | | | | | |
|-----|--|----------------------------------|---------------------|---------------------------------|---------------------------------|
| | - Станциялар бойынша жарыстар - Спорттық блиц-турнир | | | | |
| 15 | Волейбол | № 36 ЖОББМ мен жолдастық кездесу | желтоқсан | Картова Ж.М. | Мектеп құрамасы |
| 16 | Шаңғы жарысы | Мектеп біріншілігі | 31.01 | Оспанов А.Н. Садвакасов Е.К. | 8-9 сын. |
| 17 | Волейбол | № 25 ЖОББМ мен жолдастық кездесу | қаңтар | Картова Ж.М. | Мектеп құрамасы |
| 18 | Мини - баскетбол | Сыныптар арасындағы жарыстар | 6,02 | Ахметжанов Е.К | 4-е сын. |
| 19 | Викторина | Сыныптар арасындағы жарыстар | 2.03 | Садвакасов Е.К. Картова Ж.М | 1-е сын. |
| 20 | Денсаулық күні - Қазақ ұлттық ойындары - Турнир «Асық Ату» -Қазақ ұлтты қойындары Станциялар бойынша қазақ ұлттық ойындары | спорталаңы | 15.03- 16.03 | Жумаханова С.К. Оспанов А.Н. | 1-11 сын. 3 сын. 5-8 сын. |
| 21 | Волейболдан жарыс | күндізгі, мектеп спортзалы | 20.03 | Садвакасов Е.К. Картова Ж.М. | 10-11 сын. |
| 22. | Президенттік тестілеу | Жарыс | сәуір | Жумакельдин С.Ж. | 9-11 сын. |
| 23 | Президенттік тестілеу | Жарыс | сәуір | | 9 сын. |
| 24 | Президенттік тестілеу | Жарыс | сәуір - мамыр | Жумакельдин С.Ж. | 7 сын. |
| 25 | Президенттік тестілеу | Жарыс | сәуір - мамыр | Дене шынықтыру мұғалімдері | 4 сын. |
| 26 | ДТ мұғалімдерінің онкүндігі | Жарыс | 15.05 – 26.05 | Дене шынықтыру мұғалімдері | 1-11 сын. |
| 27 | Денсаулық күні | спорталаңы | 23.05- 24.05 | Дене шынықтыру мұғалімдері | 1-8 сын. |

Мектептегі ұйымдастырылған үйірмеге оқушыларды көптеп қатыстыру, үйірме жұмысына тарту оқу жылы ішінде үздіксіз жүргізіліп отырады. Соның нәтижесінде мектеп оқушылардың үйірме жұмысына тартылуы жыл сайын өсіп келеді. Төмендегі кестеде спорттық үйірмелерге қатысатын оқушылар туралы мәліметті көруге болады:

| Спорттық секция | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|-----------------|-----------|-----------|-----------|
| Шахмат | 120 | 120 | 110 |

| | | | |
|----------------|------------|------------|------------|
| Футбол | 35 | 40 | 40 |
| Волейбол | 35 | 40 | 40 |
| Баскетбол | 30 | 25 | 25 |
| Бес асық | 40 | 40 | 40 |
| Үстел теннисі | 15 | 15 | 15 |
| Тоғызқұмалақ | 40 | 40 | 40 |
| Жеңіл атлетика | 20 | 20 | 20 |
| Барлығы | 335 | 340 | 330 |

Спорттық үйірмелер мен қатар мектеп бойынша эстетикалық үйірмелер де құрылып, оларға оқушылар өз қызығушылықтары бойынша қатысып отырады. Осындай үйірмеге қатысатын оқушылар туралы мәліметті төменде келтірілген диаграммадан көре аламыз:



Мектеп оқушыларының бос уақытын дұрыс ұйымдастыру бойынша барынша жағдай жасалып, көңіл бөлінеді. Оқушылар өз қызығушылығы бойынша әр түрлі үйірмелерге қатыса алу мүмкіндігімен қата ғылыми жобаларға қатысу, олимпиадаларға қатысу бойынша да бірқатар мүмкіндіктерге ие. Ата-аналарға жартыжылдық сайын үйірме жетекшілерінің шығармашылық есебі беріледі.

Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың ұлғаю динамикасы.

| Оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы |
|--|--------------------|--------------------|--------------------|
| Оқушылар саны | 874 | 895 | 891 |
| Қосымша біліммен қамтылған оқушылар саны | 502 | 550 | 556 |
| Ұлғаю сапасы %-бен | 57% | 61% | 62% |

Мектеп оқушыларының қосымша білім алумен қамтылуы алдыңғы оқу жылына қарағанда 62%, яғни 1% -ға көтерілген.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылды.

Осы жобаға бағытталған іс-шаралар еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге, білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуге, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуға, еңбек адамын құрметтеуге, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет ететініне, нағыз еңбек адамы әр

ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзгенің еңбегін бағалайтын адал азамат екендігін түсіндіруге бағытталды және осы жоба шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

«Денсаулық фестивалі», «Денсаулық-терең байлық» атты ай сайын медбикемен кеңес, «Біз өмірді таңдаймыз», «Біз таңдаған өмір», «Біз өмірге құштармыз!» атты психолог, әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушілерімен бірлескен психологиялық тренинг, тәрбиелік іс-шаралар өткізілді, «Жыныстық тиіспеушіліктің көрінісін байқаған кезде жасалатын іс-әрекеттер», «Жыныстық қарым-қатынаспен таралатын ауру түрлері» атты мектеп медбикесі мен кент дәрігер гинекологымен ашық әңгіме өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» айлығы ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік педагогы, тәрбие ісінің меңгерушілері, психолог, сөс координаторлары бірігіп сыныптармен кездесулер, әңгіме, дөңгелек үстел өткізді.

«Қызым-үйде, қылығы-түзде»... ерте жүктіліктің салдары қандай? тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. «Ата-ананың жауапкершілігі және отбасындағы жыныстық тәрбиенің жүргізілуі, ата-ананың мәдениеттілігі, Мен қандай ата-анамын?» тақырыбында ата-аналар конференциясы өткізілді. П.К.Ивановтың «Детка» бағдарламасы бойынша танымдық сағат, «Туберкулез әлемдік проблема» тақырыбында сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.


ҚР Тәуелсіздінің 31-жылдығына арнап, «Кәсіби және тиімді мемлекет» тақырыбында «Мәңгілік ел», «Тәуелсіз Қазақ елі», «Қазақстан туы-алғаш ғарышта», «Болашақ бүгіннен басталады» атты тәрбие сағаттары, «Дені сау ұрпақ-бүгіннен басталады тақырыбын» негізге ала отырып, «Спорт-денсаулық кепілі», Қысқы спорттық ойындардан түрлі жарыстар өткізілді. Наурыз айында «Наурыз-жарқын болашақтың ұлты, ұлы дала дәстүрлері» атты айлық ұйымдастырылып, «Қыз сыны, салт-дәстүрлер, Наурыз» мерекесі тойланды.

Сәуір айында денешынықтыру мұғалімі С.К.Жумаханованың ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын- ұлтымыздың айнасы» атты ұлттық ойындар сайысы, оның ішінде «асық ату» ойынынан мектепшілік жарыс өткізілді. «Әке көрген оқ жонар...» атты 5-6-сыныптар және 2-3 сыныптар арасында сайыс өтті. Павлодар облысы бойынша Павлодар қаласының «Сенімен болашақ» ұйымының басшысы Хызыр Жанарыс әкелер мектебінің ұйымдастыруымен кеш өткізілді. Әр сыныптан әкелер келіп, ұлдармен өзара пікір, кеңес болды. «Табиғаттың айнасы-күс» атты 6-сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен бірге сәуір айында «Тілдің үштұғырлығы» атты тәлімгер және тіл мамандарының ұйымдастыруымен полиглот ұйымдастырылды. 9-10 сынып жетекшісі В.А.Иванова ұйымдастыруымен «21 ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өтті. Мамыр айында «Бірлігі жарасқан тәуелсіз елім бар» 2-11-сынып оқушылары арасында 1 мамыр мерекесіне арналған ұлттар достығы фестивалі, 9-мамыр Желіс мерекесіне арналып, «Қалқан әскери патриоттық ойынынан» алқаптық сайыс, 7 мамыр ҚР Отан Қорғаушылар күні қарсаңында «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілді. «Чернобыль апаттарын еске алу» кинофильмдері көрсетіліп, 10-сынып оқушыларына арналған танымдық тәрбие сағаты өткізілді.

Әр ай сайын «Құқық бұзушылықтың алдын алуға» байланысты жасөспірімдер инспекторымен кеңес және мектеп медбикесі ай сайын «Тазалық-денсаулық кепілі» атты дәрігерлік кеңес өткізіліп отырылды. Сонымен қатар, 2016 жылы құрылған мектебіздің «Ашық жүрек» еріктілер тобы 3-мөлтекаудан ардагерлерінің ауласын, мектеп ауласында сенбілік жасалып, сонымен қатар, өңіріміздің қасиетті

жерлерлерге Баянауыл ауданындағы Жанажол аулындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесін, Хазірет Тленшіұлының кесенесіне барып, сенбіліктер жасалды.

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауға қатысу нәтижелер мониторингі



Оқушылар қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі өтетін сайыстарға қатысып, өсу динамикасының артуын көруге болады. Алайда, облыс пен халықаралық деңгейде өтетін түрлі сайыстарға сирек қатысатынын байқай аламыз.

Жыл сайын мектебімізде «Жұлдыздар шеруі» өтеді. Бұр мерекеде мектебіміздің жұлдызды оқушылары, «Ең үздік сынып», «Ең үздік сынып жетекші» анықталады. Қорытынды нәтижелері бойынша, бастауыш, орта және жоғарғы буын сыныптары арасында 9 сынып рейтингтері бойынша жоғарғы нәтиже көрсетті.

| Жүлделі орындар | Номинация атаулары | |
|-----------------|--------------------|--------------------------|
| | «Ең үздік сынып» | «Ең үздік сынып жетекші» |
| I | 1 «Б» | Ж.К.Арыстанбекова |
| | 8 «А» | Б.А.Турсунова |
| | 9 «А» | К.Н.Сунгатова |
| II | 2 «Б» | А.Е.Жакупова |
| | 6 «А» | С.Ш.Ахметова |
| | 10 «А» | Г.С.Унгарова |
| III | 3 «В» | А.К.Сейтханова |
| | 5 «А» | Б.К.Оразбаева |
| | 11 «Б» | Н.С.Бекмагамбетова |


Бірақ, әлі де болса, дайындықты талап ететін де сыныптар жоқ емес. Олар: 2а (Намазбаева Р.Ж.), 4а (Бегалина М.М.), 5ә (Аухадиева С.Е.), 5б (Смакова М.Р.), 6в (Амрешова Б.С.), 7а (Есебаева З.Е.), 7в (Жексенби С.А.), 8в (Ульжағалиева К.Ж.), 9б (Иванова В.А.). Келесі оқу жылында аталмыш сынып жетекшілерге бақылауда жұмыс жасау керек.

Мектепшілік өзін-өзі басқарудың дамуы

Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Жас ұлан" - өскелең ұрпақты жоғары рухани -адамгершілік құндылықтар, гуманистік, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. "Жас ұлан" өз қызметінде ҚР-ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады. Тәрбие ісінің меңгерушісімен келісілген, мектеп басшысымен бекітілген жоспарға сай аға тәлімгердің және бірыңғай балалар мен жасөспірімдер Жас Ұлан ұйымының жұмыс жоспары қыркүйек айында жұмысын жалғастырды.

| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|-------------------|-----------------|------------------|---------------|
| Мектеп Президенті | Байзаков Ерасыл | Мустафина Аружан | Льясова Амира |

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелік ету екі деңгейде жүргізіледі. «Жас Ұлан» атты жоғары деңгей мүшелері 5-10 сынып оқушылары, ал «Жас Қыран» атты төмен деңгейге өз қалауымен ұйым мүшесі болғысы келген.



Оқу жылының басында «Жас Ұлан» БЖҰ отырыстар ұйымдастырылды. Бұл ұйымдар жаңа оқу жылына жаңа жоспарлар мен міндеттер қойылды. Мектеп активі тағайындалды. Мектеп Президентінің сайлауы өтті.

Қорытып келгенде, мектебіміздің тәрбие жұмысының ұлттық тәрбие бағытын оқушы бойында қалыптастыру жұмысы рухани жаңғыру бағдарламасы аясында жүргізіліп жатыр. Ұрпақ тәрбиелеудің дәл осындай болуы қажет дейтін тұрақты қағидасы жоқ. Дәуірдің алға басуы мен қоғамның даму талабына сай, бұл мазмұн да күн өткен сайын жаңарып, толықтанып отырады.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата - бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйеге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

2024-2025 оқу жылында Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығына сәйкес мектебімізде **апта сайын** орындалатын іс – шаралар үнемі орындалады: аптаның дәйексөздері, сынып сағаты уақытында «Менің Қазақстаным» Әнұраны шырқалып, қауіпсіздік сабақтары өткізіледі. Күнделікті орындалатын іс-шаралар да жүзеге асырылады.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

<https://www.instagram.com/reel/DCRspt-tb8E/?igsh=ZXp6MTh4cHJpNXFs>
<https://www.instagram.com/reel/DCAEFBHN1xG/?igsh=aTg2bHMwMGZzOGFx>
<https://www.instagram.com/reel/DBaqt4AtsHf/?igsh=MWRnNGI1Nmwwdms4Yw==>
<https://www.instagram.com/reel/DBZEvhrNG-z/?igsh=eWZ1eGYyM252eml5>
https://www.instagram.com/reel/DBGs_jWIrBq/?igsh=MTlyd2lpMmhvNXQ2eA==
https://www.instagram.com/reel/DA_JnU5tkdb/?igsh=MXNwbWplZDlhajIyag==
<https://www.instagram.com/reel/DA8x85dtvYl/?igsh=MXYxd2puNmlpdmhhag==>

«Өнегелі 15 минут»

<https://www.instagram.com/reel/DBHDZ0Httet/?igsh=bTB2MHBnZ2tmMXFs>
<https://www.instagram.com/reel/DBP63I2oyWM/?igsh=MWZxc3h2ZTZ6dG9ndA==>
<https://www.instagram.com/reel/DBPKjRgogKu/?igsh=eTFxa3ppdjVjbTF4>
<https://www.instagram.com/p/DBO3Cw-IZw9/?igsh=azc1bTF4NXQ1MGpk>
https://www.instagram.com/reel/DA_O0SsNgO9/?igsh=dGtibjloZGkyNDZm
<https://www.instagram.com/reel/DA6NqvssMw5/?igsh=eXQ5ZW83a2tzYXFk>
<https://www.instagram.com/reel/DA6DC-utr7I/?igsh=OWppa3hpbjduY2w5>
<https://www.instagram.com/reel/DA6CInrNkRK/?igsh=MXFybWU0NndydWJwbg==>
https://www.instagram.com/p/DA3yc9gI9a_/?igsh=cmlxaGVqbGM5cXU4

«Үнемді тұтыну»

https://www.instagram.com/reel/DCT_W9XofzL/?igsh=MW16ZmhoaHgzc3I5MA==
<https://www.instagram.com/p/DCPDASAor2D/?igsh=eThtMGQ5bm9hejU0>
https://www.instagram.com/reel/DCPB2Q1tph_/?igsh=MjV4Ynh5b2Q2aTc2
<https://www.instagram.com/reel/DCOgcbtNB1z/?igsh=MWJkZWc1b2pseW41NQ==>
https://www.instagram.com/reel/DA_D07SscH-/?igsh=MWR6cGI5cG5uaDFseg==

«Күй күмбірі»

<https://www.instagram.com/reel/DCZY5igtouE/?igsh=ZHlsbnZ2cGgwNjNw>
<https://www.instagram.com/reel/DCZOlg3tfak/?igsh=MndjN21pcGJjeGlo>
<https://www.instagram.com/reel/DCYpaGcIuU8/?igsh=MWpnbmM4YzR6aW9ucQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DCT7KAaoaxf/?igsh=YmVsdG52bGQ2cTE3>
<https://www.instagram.com/reel/DCRft4eIjRU/?igsh=NzR6NTh0azBnMWZo>
<https://www.instagram.com/reel/DCOXR5oNxqu/?igsh=MW0wdHEzaXE4bXN1eg==>
<https://www.instagram.com/reel/DA4wd6Jo4Na/?igsh=MThkYXRibzJqNThtZA==>

Қауіпсіздік сабағы мен Жолда жүру ережелері жоспары

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылынан бастап жеке қауіпсіздік сабақтары енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31 тамыздағы № 748 қаулысымен Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, ол балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтиды. Осы жоспар аясында **130 жеке қауіпсіздік сабағы** (бұдан әрі – Сабақтар) әзірленді: мектепке дейінгі ұйымдар үшін **20** ұйымдастырылған іс-әрекеттер; орта білім беру және ТЖКБ ұйымдары үшін **110** сабақ.

Сабақтардың мақсаты – оқушылар мен тәрбиеленушілерде әртүрлі жағдайларда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды

қалыптастыру, ықтимал қауіптерді тану және оларға дұрыс жауап беру қабілетін дамыту.

Сабақтардың міндеттері:

- жеке қауіпсіздікті қорғау шаралары туралы хабардарлықты арттыру;
- оқушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- жауапты мінез-құлық қалыптастыру;
- психологиялық дайындық;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- ақпараттық қауіпсіздік.

Сабақтардың мақсатты топтары:

- мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиеленушілері;
- орта білім беру ұйымдарының білім алушылары;
- ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары.

Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының тәрбиешілері ойын түрінде жеке қауіпсіздік бойынша теориялық түсініктер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін тақырыпқа және қойылған міндетке байланысты жас тобының күн тәртібіне сәйкес балалармен күн бойы шараларды жүзеге асырады.

Сабақтарды апта сайын сынып сағаттарында 10 минуттан өткізу жоспарлануда.

Педагогтер, сынып жетекшілер үшін тақырыптар **110** сабаққа бөлінген. **20** тақырыптың ішінде бір жас санатынан екіншісіне ауысатын тақырыптар бар.

Сабақтар балаларға интернетте өздерін қорғауға ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде қауіп-қатерлерден аулақ болуға үйретеді.

Сабақтар балада өз мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастырады, эмоционалды жағдайын тұрақтандырады және қауіп төнген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

Оқыту нәтижесінде балалардың мынадай құзыреттері қалыптасады:

- 1) қауіпсіз және қауіпті жағдайлар туралы хабардар болу;
- 2) даулы жағдайлар мен келіссөздерді шешу;
- 3) агрессия мен зорлық-зомбылықтан қорғау;
- 4) әлеуметтік бейімделу және жаңа жағдайларға бейімделу;
- 5) өз қорқыныштары мен фобияларын бағалау және еңсеру;
- 6) өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімділікті арттыру;
- 7) қауіпсіздік сезімі және өзіне сенімділік;
- 8) жағдаятты талдау және дағдарыс жағдайларында шешім қабылдау;
- 9) өз әрекеттері мен денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- 10) сыни тұрғыдан ойлау және жағдайды бағалау қабілеті;
- 11) басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жасай білу;
- 12) қажет болған жағдайда көмек сұраудың маңыздылығын түсіну;
- 13) әртүрлі жағдайда өз-өзіне және өзара көмек көрсету.

Сынып жетекшілер мен педагогтерге арналған 110 қауіпсіздік сабақтары:



1-4 сынып оқушыларына арналған Қауіпсіздік сабағы мен Жолда жүру ережелері жоспары:



5-8 сынып оқушыларына арналған Қауіпсіздік сабағы мен Жолда жүру ережелері жоспары:



5-8 сынып оқушыларына арналған Қауіпсіздік сабағы мен Жолда жүру ережелері жоспары:



Мектептегі "Ашық жүрек" еріктілер отряды жұмысының жобасы

Мақсаты: кіші жастағы оқушыларға көмек көрсету, оқушыларды сыныптан тыс жұмысқа ынталандыру, балаларды қайырымдылық, адамгершілік қабілеттерін іске асыру.

Қатысушылар : 1-11 сыныптар

Жетекші : Д.Т.Серимбаева

Нәтижелері: Жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларына сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесті.

2. «Экобоом» - қала қозғалысы аясындағы жоба.

Мақсаты: қатысушыларда экологиялық сауаттылық пен экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, экология және жауапты тұтыну саласындағы жобалау қызметінің дағдыларын дамыту, мектептің эко-активін қалыптастыру.

Жетекші: Д.Т.Серимбаева

Қатысушылар: 1-11 классы

Нәтижелері: 1 тоннадан астам макулатура, пластик жиналды, эко-марафондарға белсенді қатысу, ЭКО-сағаттар өткізілді.

3. "Зияткер" пікірсайыс клубы

Мақсаты: талантты және бастамашыл жастарды дамыту; қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру; клуб мүшелерінің сыни ойлауын, шешендік қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын дамыту; қазақстандық пікірсайыс қозғалысын дамытуға және нығайтуға ықпал ету.

Жетекшісі: А.С.Кузембаев

Қатысушылар: 9-11 сыныптар

Нәтижелер: Қалалық, облыстық турнирдің жеңімпаздары.

4. «Оқуға құштар мектеп»

Мақсаты: оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін арттыру; оқушылар, педагогтар, ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау.

Қатысушылар: 1-11 сыныптар

Жетекшісі: Ж.Ж.Мирманова, В.А.Иванова

Күтілетін нәтиже: жоба аясында ай сайын кездесулер өткізу, оқушылардың кітап оқуға және шығармашылық талдауға деген қызығушылығын арттыру. Ағымдағы жылы осы жобада жүйелі жұмыс жоспарланған.

2022-2024 жылдардағы тәрбие жұмысын іске асырудың сандық көрсеткіші

| р/ | Бағыт | 2022-2023 | 2023-2024 |
|----|--|-----------|-----------|
| 1 | Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 18 | 18 |
| 2 | Рухани адамгершілік | 4 | 10 |
| 3 | Ұлттық тәрбие | 6 | 7 |
| 4 | Отбасылық тәрбие | 6 | 7 |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | 10 | 8 |
| 6 | Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие | 9 | 10 |
| 7 | Зияткерлік тәрбие, тәрбие | 4 | 5 |
| | Ақпараттық мәдениет | 6 | 8 |
| 8 | Дене тәрбиесі | 63 | 73 |

2022-2024 жылдардағы тәрбие жұмысының жетістіктер бойынша сандық көрсеткіш

| Оқу жылы | 2022-2023 | 2023-2024 | барлығы |
|--|-----------|-----------|---------|
| Оқушылар саны | 874 | 895 | 1769 |
| Халықаралық деңгей | 0 | 2 | 2 |
| Республикалық деңгей | 0 | 1 | 1 |
| Жеңімпаздар, жүлдегерлер үлесі халықаралық немесе республикалық спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар, жарыстар, | 0% | 0,1% | 0,1% |
| Қалалық деңгей | 70 | 95 | 165 |
| Қалалық спорттық, шығармашылық және мәдени байқаулардың, жарыстардың, фестивальдар мен байқаулардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі | 5,3% | 7,2% | 6,2% |

Спорт секцияларының, үйірмелер мен клубтардың жұмысы

Спорт секцияларының, үйірмелер мен клубтардың жұмысы мектеп басшысы белгілеген және бекіткен кестеге сәйкес қатаң түрде мектептің пәндік кабинеттерінде, спорт залында, мұражайда ұйымдастырылады және өткізіледі. Кесте санитарлық - гигиеналық нормаларды ескере отырып, тарифтік ведомость және сабақ кестесі негізінде жасалған.

"Хореография" үйірмесі Хореографиялық үйірме-би өнері арқылы балаларды эстетикалық тәрбиелеудің кең таралған ұйымдастырушылық формаларының бірі. Хореография сабақтары балалардың шығармашылық қабілеттерін, сұлулық сезімін, музыкалық қабілетін дамытады, физикалық дамуына ықпал етеді. 2022-2023 оқу жылында "Шабыт" үйірмесін Д.А.Шаймарданова (Керибаева) басқарды.

"Шабыт" үйірмесінің 2022-2024 жылғы жұмыс нәтижелері:

- > Қалалық байқау 2-орын Павлодар 2022 ж.
- > 2024 жылғы "Ақ шағала" байқауына қатысу дипломы
- > 2024 жылғы «Жазғы POV - 2024» 2-орын

"Қалқан" әскери-патриоттық клубы

Жетекшісі: Б.К.Оразбаев

Үйірме жұмысының негізгі мақсаты:

- оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін дамыту және насихаттау;
- жасөспірімдерде патриоттық, әскери және құқықтық тәрбиені дамыту;
- азаматтық пен патриотизм сезімін қалыптастыру.

«Қалқан» клубының жетістіктері:

| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|------------|-----------|-----------|-----------|
| Қалалық | 3 | 4 | 0 |
| Облыс | 3 | 4 | 0 |
| Республика | 0 | 0 | 0 |

«Зияткер» пікірталас клубы

Пікірсайыс клубының жұмысы қалалық пікірсайыс қозғалысының регламентіне сәйкес құрылады. Пікірсайыс клубының жетекшісі-тарих пәнінің мұғалімі А.С.Кузембаев.

Пікірсайыс-ойынның интеллектуалды түрі, ол ойын түрінде сыни ойлау дағдыларын, ақпаратты ұсыну дағдыларын, шешендік өнерді дамытады.

"Зияткер"дебат курсының мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

"Зияткер"дебат қолданбалы курсының міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету.

«Зияткер» дебат клубының жетістіктері:

| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|------------|-----------|-----------|-----------|
| Қалалық | 2 | 1 | 2 |
| Облыс | 4 | 1 | 0 |
| Республика | 2 | 0 | 0 |

"Жас құтқарушы", "Адал ұрпақ" клубтарының жұмысын 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары АӘД пәнінің мұғалімі Б.К.Оразбаев пен әлеуметтік педагог З.Е.Есебаева мұғалімі басқарды.

> "Сыбайлас жемқорлықсыз өмір-адал өмір" қатысу сертификаты Қала мектебі. Жетекшісі: А.С.Кузембаев.

> Мадақтама, "Тәртіпті жаяу жүргінші" "Сұңқар" командасы қатысқаны үшін, Павлодар 2022ж

> II дәрежелі Диплом "Жас жол қозғалысының инспекторы-2023" "Сұңқар" командасы Павлодар 2023ж

> III дәрежелі Диплом "Сағадат Нұрмағамбетовке арналған Жолда жүру ережелері" іс-шарасында "Сұңқар" командасы Павлодар 2024ж

VIII Білім беру қатынастарына қатысушылардың психологиялық-педагогикалық қолдауын талдау.

Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің психологиялық қызметі білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық сүйемелдеу көрсетеді. Мектептің психологиялық қызметінің жұмысы мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты-білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Қызмет келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1.Диагностика

2.Түзету-дамыту жұмысы

3.Алдын алу және психологиялық білім беру

4.Кенес беру

5.Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

6.Психологиялық қызметтің бір жылдағы қызметі туралы аналитикалық есептер.

Ғылыми-әдістемелік, ғылыми-практикалық әдебиеттерді зерделеу және талдау, Павлодар қ. АҚ психологтарының шығармашылық тобының ұсынымдары негізінде психологиялық қызмет қызметінің негізгі бағыттары: 1,5,10 сыныпқа бейімделу; оқуға ынталандыру; үрей; агрессивтілік; өзін-өзі бағалау; кәсіби өзін-өзі анықтау және суицидтік тәуекел бойынша психодиагностикалық құралдар қалыптастырылды.

1, 5,10 сыныптарға бейімделу.

2024-2025 оқу жылында педагогикалық-психологиялық жұмысы мына мақсат, міндеттерді қамтиды. Мәселелерді талдау нәтижесінде келесі бағыттар бойынша жұмысты күшейту қажет болды:

1. Оқушылардың асоциалды мінез-құлқының алдын алу бойынша кешенді жұмыс.
2. Ата-аналармен кешенді профилактикалық жұмыс;
3. Салауатты өмір салтын насихаттау;
4. «Тәуекел тобының» балаларымен жеке профилактикалық жұмыс

Мақсаты: білім беру процесінде балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау: мектептің белгілі бір кезеңінде баланың дамуын қамтамасыз ететін көмек көрсету

Міндеттері:

- әр кезеңдегі балалардың жеке ерекшеліктерін анықтау және оларды оқу орнының білім беру стратегиясын құру кезінде ескеру;
- оқушылармен бейімделу шараларын жүргізу, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал құру;
- дамудың, оқудың, әлеуметтенудің шұғыл мәселелерін шешуде балаға көмек : оқудағы қиындықтар, білім беру және кәсіптік бағдар таңдау, эмоционалды-ерік саласын бұзу, құрдастарымен, мұғалімдермен, ата-аналармен қарым-қатынас мәселелері;
- оқушыларда болуы мүмкін психологиялық проблемалардың, мүмкін болатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу бойынша мақсатты жүйелі жұмысты жүзеге асыру;
- әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіруде білім беру мекемесінің оқытушылар құрамымен өзара әрекеттесу; білім беру процесінде туындаған жанжалды жағдайларды шешуге консультативтік көмек көрсету;
- өзара әрекеттесу принципін жүзеге асыру мақсатында оқушылардың отбасыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білім беру процесін ұйымдастырудың кешенді тәсілін қамтамасыз ету.

Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау аясында келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Диагностика
2. Дамыту және түзету жұмыстары
3. Ағартушылық және профилактикалық қызметі
4. Кеңес беру жұмысы
5. Әлеуметтік – диспетчерлік жұмыс
6. Психологиялық қызмет бойынша жылдық талдамалық есептер

Мектеп психологтары туралы мәлімет:

1. Диагностикалық жұмыстар

1-11 сынып аралығындағы өткізілген психодиагностикалық жұмыстар:
Қазан айынан бастап 1-11 сыныптарынан Н.Г.Лусканова «Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау» тесті өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың оқуға деген мотивациясын анықтау.

| р/с | Сыныптар | Жоғары | Орта | Төмен |
|-----|----------|--------|--------|-------|
| 1 | 1 А | 1-4% | 21-84% | 3-12% |
| 2 | 1 Ә | 3-11% | 22-68% | 0-0% |
| 3 | 1 Б | 3-16% | 16-84% | 0-0% |

3.2 Профилакикалық қызметі

2024 жылдың 28 қыркүйек күні 1-5 «Интернет желісіндегі қауіпті ойындар және интернеттегі қауіптен қорғанудың жолдары» әңгіме, кеңес.

2024 жылдың 01-02 қазан күні 2-11 сыныптармен «Интернет желісіндегі қауіпті ойындар және интернеттегі қауіптен қорғану жолдары» оқушыларға ақпарат кеңес беру.

2024 жылдың 3 қазан күні 6-11 сыныптарындағы жаңадан келген оқушылармен кездесу. Жаңа ортаға бейімделу кеңес.

2024 жылдың 16-17 қазан күні 8 А, 9 Б сынып оқушыларына «Біз буллингке қарсымыз» бейнеролик түсірілді.

2024 жылдың 22 қазан күні 11 А сынып оқушыларына «Қарым-қатынас мәдениеті» әңгіме, кеңес берілді.

2024 жылдың 23 қазан күні 11 А сынып оқушыларына «Қыздар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту» әңгіме, кеңес берілді.

2024 жылдың 02 желтоқсан күні 9-10 сынып оқушыларына «Ересектер мен балаларды қоса алғанда, қоғамның балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен қатыгездік проблемасы оның бала мен қоғам еркін салдары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнамалық негіздері туралы хабардар болуын арттыру».

2025 жылдың 10 қаңтар күні 8-11 сынып оқушылары «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе жүргізілді.

2025 жылдың 12 ақпан күні 11 сынып оқушыларына «Мамандық-менің болашағымның таңдауы» тақырыбында тренинг өткізілді.

2025 жылдың 10 ақпан күні 11 сынып оқушыларына «Эмоциялардың қарым-қатынасқа әсері» тақырыбында тренинг өткізілді.

2025 жылдың 10 ақпан күні 9 сынып оқушыларына «Агрессияны жеңіп үйренейік» тақырыбында тренинг өткізілді.

2025 жылдың 06 ақпан күні 11 А сынып оқушыларына «Кәсіпкерлік қызметке қабілеттілік» тақырыбында тренинг өткізілді.

2025 жылдың 21 ақпан күні 7 Ә, 8 Б сынып оқушыларына «Буллингке жол жоқ» тақырыбында тренинг өткізілді.

4. Кеңес беру жұмысы

Оқушыларға кеңес:

2024 жылдың қыркүйек айында 15 оқушыға кеңес берілді.

2024 жылдың қазан айында 8 оқушыға кеңес берілді.

2024 жылдың қараша айында 4 оқушыға кеңес берілді.

2024 жылдың желтоқсан айында 3 оқушыға кеңес берілді.

2025 жылдың қаңтар айында 4 оқушыға кеңес берілді.

2025 жылдың ақпан айында 8 оқушыға кеңес берілді.

2025 жылдың наурыз айында 4 оқушыға кеңес берілді.

2025 жылдың сәуір айында 7 оқушыға кеңес берілді.

2025 жылдың мамыр айында 5 оқушыға кеңес берілді.

Ата-аналарға кеңес:

2024 жылдың қыркүйек айында 7 ата-анаға кеңес берілді.
2024 жылдың қазан айында 2 ата-анаға кеңес берілді.
2024 жылдың қараша 1 айында бата-анаға кеңес берілді.
2024 жылдың желтоқсан 2 айында ата-анаға кеңес берілді.
2025 жылдың қаңтар айында 1 ата-анаға кеңес берілді.
2025 жылдың ақпан айында 3 ата-анаға кеңес берілді.
2025 жылдың наурыз айында 1 ата-анаға кеңес берілді.
2025 жылдың сәуір айында 2 ата-анаға кеңес берілді.
2025 жылдың мамыр айында 3 ата-анаға кеңес берілді.

Педагогтерге кеңес:

2024 жылдың қыркүйек айында 2 мұғалімге кеңес берілді.
2024 жылдың қазан айында 2 мұғалімге кеңес берілді.
2024 жылдың қараша айында 3 мұғалімге кеңес берілді.
2024 жылдың желтоқсан айында 4 мұғалімге кеңес берілді.
2025 жылдың қаңтар айында 3 мұғалімге кеңес берілді.
2025 жылдың ақпан айында 1 мұғалімге кеңес берілді.
2025 жылдың наурыз айында 2 мұғалімге кеңес берілді.
2025 жылдың сәуір айында 3 мұғалімге кеңес берілді.
2025 жылдың мамыр айында 2 мұғалімге кеңес берілді.

5. Әлеуметтік – диспетчерлік жұмыс

2024 жылдың 11 қазан күні сенім телефоны бар медициналық-психологиялық көмек қызметінің психологы Е. А. Глотова және мектеп психологы С.Ж.Шегір 10 «Б» сынып оқушыларымен «Салауатты психика бақытты және табысты тұлға» сабағын өткізді. Сабақта психикалық денсаулықты сақтау, нығайту және алдын алу салауатты өмір салты үшін үлкен маңызға ие екендігі атап өтілді. Психоэмоционалдық жағдай-эмоцияларды бақылау, позитивті ойлау, рухани және физикалық даму арасындағы тепе-теңдікті сақтау іскерлігінде көрінетін адам денсаулығының басты факторларының бірі. Мамандар оқушыларды психикалық және психологиялық денсаулықтың негіздерімен таныстырды, жасөспірімдер психикасының ерекшеліктерін қарастырды, сондай-ақ психикалық тепе-теңдікті сақтау және күйзеліске төзімділікті жаттықтыру бойынша бірнеше пайдалы ұсыныстар ұсынды. Бұл сабаққа 23 оқушы қатысты.

2025 жылдың 04 наурыз күні сенім телефоны бар медициналық-психологиялық көмек қызметінің психологы Е. А. Глотова және мектеп психологы С.Ж.Шегір 11 «Б» сынып оқушыларымен «Менің өмірімдегі күйзеліс. Оның жеңу жолдары» тақырыбында тренинг сабағын өткізді. Мақсаты: оқушыларды стресстен шығуға және өзін одан қалай сақтауға үйрету.

2024 жылдың 11 қазан күні сенім телефоны бар медициналық-психологиялық көмек қызметінің психологы Е. А. Глотова және мектеп психологы С.Ж.Шегір 10 «Б» сынып оқушыларымен «Салауатты психика бақытты және табысты тұлға» сабағын өткізді.

2025 жылдың 06 ақпан күні «Мұғалім мектеп жүрегі, көңілді жүрсін үнемі» қалалық семинар-практикум.

Оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы сабақтастық ережесін сақтау-оқытудағы жүйеліліктің және білім алушыларды тәрбиелеудегі педагогикалық әсердің бірлігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Оқушылардың оқытудың бір сатысынан екіншісіне ауысуы кезінде сабақтастық ережесін сақтамау баланың жаңа жағдайларда бейімделу кезеңінен өтуіне қолайсыз әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде оқушының денсаулығының нашарлауына әкелуі мүмкін. Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларымен психологиялық жетілу деңгейін және мектепте оқуға дайындығын анықтау бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты мектепте оқуға дайындық деңгейі төмен оқушыларды уақтылы анықтау болып

табылады.

Оқушылардың орта буынға бейімделу диагностикасы жоспарланған мерзімде жүргізілді. Диагностикаға 2022-2023 оқу жылында 73 оқушы қатысты. 2023-2024 оқу жылында 68 оқушы қатысты. 2024-2025 оқу жылында 54 оқушы қатысты.



Сыныптар бойынша алынған мәліметтер параллельдің жалпы жиынтығына қосылып, келесі нәтижелер алынды:

Б.Н Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі бойынша салыстырмалы пайыздық өлшемдер көрсеткіштері:

| Мазасыздық | Жоғары | Орташа | Төмен |
|------------|---------|--------|--------|
| 2022-2023 | 16 -23% | 47-69% | 46-63% |
| 2023-2024 | 6- 8% | 17-23% | 0-0% |
| 2024-2025 | 3-4% | 9-13% | 43-63% |

Өткен оқу жылымен салыстырғанда, жалпы мазасыздық деңгейі жоғары оқушылардың пайыздары төмендегені анықталды.

| Өзін-өзі бағалау | | жоғары | адекватты | төмен |
|------------------|----------|--------|-----------|-------|
| 2022-2023 | 73оқушы | 10-15% | 54-73% | 9-12% |
| 2023-2024 | 68 оқушы | 8-12% | 56-82% | 4-6% |
| 2024-2025 | 54 оқушы | 15-27% | 35-65% | 4-8% |

Өзін-өзі бағалаудың диагностикалық нәтижелеріне сүйене отырып, бұл бейімделу кезеңінде адекватты өзін-өзі бағалаудың басым екендігі анық; Өткен оқу жылымен салыстырғанда, бұл оқу жылында өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы басымырақ екені анық; өзін-өзі бағалауы төмен оқушылардың саны төмендегені анықталды.

| Мотивация | | жоғары | орташа | төмен |
|-----------|----------|--------|--------|--------|
| 2022-2023 | 73оқушы | 35-47% | 22-31% | 16-22% |
| 2023-2024 | 68 оқушы | 45-67% | 13-19% | 10-14% |
| 2024-2025 | 54 оқушы | 42-77% | 8-15% | 4-8% |

Мектеп мотивациясының нәтижелерін талдай отырып, біз мектеп мотивациясының жоғары деңгейі басым екенін көреміз, өткен оқу жылымен салыстырғанда мотивациясы төмен оқушылар саны 6 оқушыға аз екені анықталды.

| Социометрия | | көшбасшы | қабылданғандар | шектеулілер |
|-------------|----------|----------|----------------|-------------|
| 2022-2023 | 73 оқушы | 10-14% | 54-73% | 9-13% |
| 2023-2024 | 68 оқушы | 16-24% | 43-63% | 9-13% |
| 2024-2025 | 54 оқушы | 13-24% | 36-67% | 5-9% |

Социометрия деректерін талдай отырып, белгілі бір оқу жылында шектеулілерге қарағанда «қабылданған» мәртебесі бар оқушылар саны басым артқанын көреміз.

Суицид қаупінің алдын алу.


Деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында бастауыш буын оқушыларымен\1-4 сыныптар\ «Жақсы көңіл-күй іздеу барысы», «Жанжалсыз өмір сүруді үйренеміз», «Шаршағаннан арылуды үйренеміз», орта буындарда \5-8 сыныптар\ «Пікірталас-ұрыс емес», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Ата-анамен келіспеушілікті шешу жолдары», «Мен өзімді мақтай аламын», жоғары буындарда \9-11 сыныптар\ «Адам өміріндегі стресс», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?», «Толеранттылық деген не?» атты психологиялық сабақтар өтті. Мазасыздық, қобалжу және агрессия деңгейінің төмендету мақсатында, арт-терапия, тренинг сабақтары өткізілді. Суицидтік мінез құлқы бар оқушылар анықталған жоқ.

| 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|-----------|-----------|-----------|
| жоқ | жоқ | жоқ |

Қорытынды: Психологиялық-педагогикалық оқу процесін қолдау жүйелі түрде жүргізіледі. Жоспарланған іс-шаралар орындалып жатыр. Ата-аналардың көпшілігі жеке кеңестер беру барысында ұсыныстарға оң көзбен қарап, қиын өмірлік жағдайларды шешу барысында көмек пен кеңеске жүгінеді. Әрине, барлық ата-аналар бірдей емес, араларында мұғалімдердің нақты талаптарын және психологтардың ұсыныстарын елемейтін реакциялар кездеседі.

МІБ, КІБ және ҚТ

2022-2023 оқу жылында КІБ-1 оқушы, ҚТ тобына – 1 оқушы; 2023-2024 оқу жылында есепте тұрған оқушы жоқ; 2024-2025 оқу жылының 1 тоқсанында КІБ-1 оқушы, МІБ –4 оқушы есепте тұр. Әр оқушыға жеке жұмыс жоспарлары, жеке күнделіктер жасалды. Әрбір жеке папкада жбу актілері, мінездемелері, оқушылардың жауаптары бар бланкілер салынған. Осы оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүзеге асырылуда. Оқушылармен әлеуметтік педагогпен, сынып жетекшісімен, бас мұғалімдермен, инспекторлармен және ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізілді.

